



Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының  
ғылыми, ақпараттық-талдамалы журналы  
Научный информационно-аналитический журнал  
Павлодарского государственного  
педагогического института

---

2004 жылдан шығады  
Основан в 2004 году

**ҚАЗАҚСТАН  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ХАБАРШЫСЫ**

**ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ  
ВЕСТНИК  
КАЗАХСТАНА**

**I '2016**

ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ВЕСТНИК КАЗАХСТАНА  
СВИДЕТЕЛЬСТВО  
о постановке на учет средства массовой информации  
№9076-Ж  
выдано Министерством культуры, информации и спорта  
Республики Казахстан  
25.05 2008 года

---

---

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

*Главный редактор*

Н.Р. Аршабеков, доктор философских наук, профессор

*Зам. главного редактора*

А.С. Ильясова, кандидат исторических наук

*Ответственный секретарь*

А.Ш. Тлеулесова, кандидат пед. наук, доцент (ПГПИ)

*Члены редакционной коллегии*

А.К. Кусаинов, доктор пед. наук, профессор, лауреат Государственной премии РК, президент Академии педагогических наук Казахстана

Д. Камзабекулы, доктор филологических наук, профессор (ЕНУ им. Л.Н. Гумилева)

Р.К. Толеубаева, доктор педагогических наук, профессор (КазНПУ им. Абая)

Г.К. Ахметова, доктор пед. наук, профессор, председатель правления АО «НЦПС Орлеу»

К.К. Жампеисова, доктор пед. наук, профессор (КазНПУ им. Абая)

В.В. Егоров, доктор пед. наук, профессор (КарГТУ)

С.К. Бердыбаева, доктор пс. наук, профессор (КазНУ им. аль-Фараби)

Н.С. Сафаев, доктор пс. наук, профессор (ТГУ им. Низами, г. Ташкент)

А.А. Петрусевич, доктор пед. наук, профессор (ОмГПУ, г. Омск)

Н.В. Чекалёва, доктор пед. наук, профессор (ОмГПУ, г. Омск)

А.Ф. Филатова, доктор пс. наук, профессор (ОмГПУ, г. Омск)

А.К. Нургалиева, доктор пед. наук (ПГПИ)

Г.Е. Отепова, доктор ист. наук (ПГПИ)

Д.Ж. Сакенов, кандидат пед. наук, профессор (ПГПИ)

С.Н. Сутжанов, доктор филол. наук (ПГПИ)

Ж.А. Усин, доктор пед. наук, профессор (ПГПИ)

*Технический секретарь*

Г.С. Салменова

---

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели.

Мнение авторов публикаций не всегда совпадает с мнением редакции.

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов.

Рукописи и диски не возвращаются.

При использовании материалов журнала ссылка на «Педагогический вестник Казахстана» обязательна.

© ПГПИ

Педагогика және білім берудің жалпы мәселелері  
Общие проблемы педагогики и образования

**Л.Ж. Ажикенова**  
Бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілетін дамытуда шығармашылық тапсырмаларды пайдалану жолдары..... 5

**А.Ш. Жумашева, И.Х. Наурузова**  
Использование технологии развития критического мышления как средство формирования универсальных учебных действий младших школьников..... 9

**Е.М. Байсарин**  
Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстың ерекшеліктері..... 17

**Қ.Ф. Зағыпаров**  
Болашақ мамандардың философиялық мәдениетін қалыптастыру ..... 21

**С.Ә. Колумбаева**  
Қазақ тілі сабағында оқушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыру жолдары..... 29

**С.В. Осипова,  
Е.В. Акимова, А.И. Рыбалко**  
К вопросу о развитии критического мышления у младших школьников на уроках математики ..... 35

**Ә.Қ. Муталипова**  
Оқушылардың математикалық сауаттылығын дамыту ..... 40

**А.Н. Рахимжанова, З.А. Адуова**  
Қазақ тілі сабағында интерактивті тақтаны пайдалану тиімділігі ..... 45

**А.Ш. Тлеулесова, А.Н. Ақжан**  
Тілдік қарым – қатынастың мәні мен маңызын айқындау ..... 51

**Н.А. Alpysbay, А.А. Adieva**  
Actual problems of economic effectiveness of technical and professional education in countries of Kazakhstan..... 54

Оқыту және тәрбие теориясы мен тәжірибесі  
Теория и практика обучения и воспитания

**Ж.А. Шитенова**  
Интерактивті әдістердің түрлері мен оларды қазақ тілі сабағында пайдаланудың ерекшеліктері..... 59

**О.С. Ачкинадзе, М. Баймұрат**  
Химия пәнін оқытуда студенттердің пәндік және негізгі құзыреттіліктерін дамыту жолдары ..... 64

**К.С. Бутенова, Н.К. Рамазанова**  
Роль педагогической практики в профессиональном становлении будущих педагогов ..... 70

**А.Қ. Тасимова**  
Музыка сабағында оқушылардың эстетикалық сезімін дамыту ..... 74

**К.А. Юсембаева**  
Развитие риторики и ораторского искусства на уроках русского языка..... 80

**Ш.А. Таскарина, А.О. Искакова**  
Метод группового обучения на уроках английского языка как средство повышения познавательной деятельности ..... 85

**А.О. Iskakova, N.Y. Khassenova**  
Project method as a way of increasing students' motivation ..... 90

Білім және ғылым саласындағы инновациялық және интеграциялық үрдістер  
Инновационные и интеграционные процессы в науке и образовании

**Н. Бауыржан**  
Қазақ тілі: компьютерлік оқыту ..... 95

**К.С. Бутенова, А. Аникеева**  
Использование информационно-коммуникационных технологий на уроках окружающего мира ..... 100

	Әртүрлі – Разное
<b>А.Т. Қаймолла, А.М. Бейсенбаева, Н.Р. Хамзина</b> Бастауыш сынып оқушысының шығармашылық іс-әрекетін оқу-тәрбие процесінде ұйымдастыру ..... 108	<b>А.А. Морозов, А.А. Белус</b> Компьютеризация в медико-биологической подготовке спортсменов..... 129
<b>С.Х. Медиева, Г.Т. Рашева, К.Б. Копбалина</b> Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияларды қолдану ..... 115	<b>А.А. Морозов, А.А. Белус</b> Особенности обучения спортивному плаванию студентов ПГПИ ..... 136
<b>С.В. Осипова, Р. Рахманова</b> К вопросу о формировании ответственности у младших школьников на уроках математики ..... 122	<b>Д. Смагулова</b> Мектеп және отбасы жұмыстарының жүйесі ..... 143
	Авторларға арналған ереже ..... 146
	Правила для авторов ..... 148

УДК 372.03

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН  
ДАМЫТУДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ  
ЖОЛДАРЫ

*Л.Ж. Ажикенова*

*№33Жалпы орта білім беру мектебінің бастауыш сынып мұғалімі  
Екібастұз қаласы, Қазақстан*

*Аңдатпа*

*Ұсынылған мақалада қазіргі кездегі білім берудің көкейтесті міндеті балалардың ойлау қабілетін қалыптастыру жолдары сипатталған.*

*Тірек сөздер: оқушылардың ойлау қабілеті, оқыту технологиялар, шығармашылық тапсырмалар, гуманизация, жаңа идея.*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Бәсеке басы білім, ел басқаратын болашақ жастардың білімділігі мен біліктілігінде» деген. Ендеше, ұстаздар қауымы ел басқаратын болашақ жастардың білімін қамтамасыз ету керек. Сондықтан да мектептегі оқу үрдісінің барысы әртүрлі педагогикалық әдіс-тәсілдерімен жүйелі түрде оқушылардың ойлау қабілетін жан-жақты дамытып, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін арттырады [1].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 5-тарауындағы 41-баптың 1-бөліміндегі «педагог қызметкерлер өз біліктілігін арттыруға міндетті» деп көрсетілуі, «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында елбасының «біз балаларымызға өзіміздің жақын және алыс көршілерімізбен достық қарым-қатынасымызды мұра етіп қалдыруымыз керек» деген сөзі бүкіл ағартушы қауым алдында «Оқу тәрбие үрдісінде оқушылардың білім сапасын арттыру, ойлау қабілетін дамытудың жолдарын айқындау қажет» делінген. Ал, оқушылардың ойлау қабілетін дамытудың бірден бір жолы ол – шығармашылық тапсырмалар арқылы дамыту деп есептейміз [2].

Сондықтан да шығармашылық тапсырмалардың оқыту процесіндегі маңызы зор. Бастауыш сыныпта математика пәнін оқыту арқылы мәселені талдай білуге, нақтылауға, ұғымдарды анықтауға, ой қорытындылар жасауға, дәлелдеуге тағы басқа іс жүзінде қадам сайын шығармашылық білім беріледі.

Шығармашылық тапсырмалар оқушылардың жаңа бір нәрсені ашуы, яғни оқушы өзін белгілі бір жаңалықтардың авторы ретінде сезінеді. Бұл оған белгілі бір пән төңірегіндегі қызығушылығын жүзеге асыруға және шығармашыл ойлауға мүмкіндік береді.

Біздің ойымызша, бүгінгі бастауыш сынып оқушыларының кез келгені шығармашылық тапсырмалар шешуді табыспен меңгере алады. Тек ол жұмысқа дұрыс басшылық, шебер ұйымдастырушылық қажет.

Қазіргі таңда шығармашылық тапсырмалар әр сабақта өтілетіндей ұйымдастыру қажет. Ал қазір дәстүрлі сабақ пен шығармашылық сабақтың айырмашылығын көрсете кетейін:

Оқушыларға заман талабына сай сабақ беру кез келген мұғалімнің міндеті. Ұстаз белсенді, шығармашылық іс-әрекетке талпынған оқушының кеңесшісі әрі көмекшісі. Әрбір мұғалім сабақ жүргізу барысында жана технологияға сүйене отырып, тосын идеялар мен проблемалық ой тудырып отырса, оқушылардың да пәнге қызығушылығын арттыруға болады. Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жұмыстары жүргізіліп отырады.

Шығармашылық – бұл адам іс-әрекетінің түрі, бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, дер кезінде өздігімен сапалы, дәлелді шешім қабылдай білуге үйренуі керек. Тек шығармашылық қана адамға өмірдің мәнін түсінуге, бақытын сезінуге мүмкіндік әпереді. Мұндай күрделі мәселені шешуде үздіксіз білім беру ісінің алғашқы сатыларының бірі болып табылатын бастауыш мектептің алатын орны ерекше, өйткені бастауыш мектеп :

1. Оқушылардың интеллектуалдық, рухани, табиғи нышандарын дамытуға, өзінің қызығушылықтары мен бейімділіктерін іске қосуға жағдай жасайды;
2. Жеке адамдық сенімдерін қалыптастыруға жағдай жасайды;
3. Ұжымдық және жеке іс-әрекеттер тәсілдеріне үйретеді;
4. Баланың еркін ойлауына, оның барлық қабілеттерін дамытуға, өз күшіне деген сенімнің болуына жағдай жасайды;
5. Кіші жастағы баланың оқуына, оқу арқылы қабілеттерінің дамуына көп мүмкүндіктер береді.

Қабілет – туа біткен қасиет емес, олар баланың өмір сүру барысында іс-әрекет арқылы дамып отырады, яғни бастауыш сыныптан бастап баланың қабілетін дамыту керек. Оқушылардың белсенділігі мен танымды іс-әрекеттері арқылы шығармашылығын дамыту, қажетті жағдай жасау, айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны дайындау, осыған орай оқытуды ізгілендіру қазақ мектептерінің алдында тұрған үлкен міндет екені мәлім.

Оқушыны шығармашылыққа баулудағы негізгі міндет оқушылардың міндетгерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін, қызығуын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Қазақ тілін оқушыларға нәтижелі үйрету үшін оның оқыту әдістемесін жетілдіру – бүгінгі күннің басты мәселесі.

Ұстаз үшін ең негізгі мақсат – әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы – оқушыларға білім беру, тәрбиелеу барысында кеңінен қолданылып келген, оқушылардың білім сапасын көтеруге жағдай жасайтын, сабақты тиімді ұйымдастыруға, атап айтқанда, сабақ уақытын ұтымды пайдалануға, мұғалім мен оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға көп көмегін тигізетін әдіс – диктанттарды қолдана білу. Тек диктант түрлері грамматикалық ережелерді әр оқушының қалай меңгергендігін байқатады. Сондықтан диктант, қай сыныпта болмасын, неғұрлым жиі алынса, оқушылардың сауаты соғұрлым табысты болмақ.

Жатжазулар мына түрде болады: әріп, буын, сөз, сөздік ескерту, шығармашылық, көру, өздік, терме, графикалық, есту, бақылау диктанттары. Мақсатына қарай оларды өткізудің де тәсілдері түрлі-түрлі. Осы диктанттардың ішіндегі ең күрделісі шығармашылық диктант. Бұл оқушылардың ойлау қабілетін, сөздік қорын, білім деңгейі мен өздігінен жұмыс істеудегі шеберліктерін арттырады. Қазақ тілі сабағында оқушылардың шығармашылығын дамыту үшін осы шығармашылық диктантты көп қолданған дұрыс. Танымдық іс-әрекеттің өзге әрекет түрлерінен ең басты ерекшелігі – оқушының үнемі «жаңа дүниеге енумен», әрбір жаңа әрекеттерді оқушының оның бірінен екіншісіне ауысып отырумен байланысты.

Сондықтан оқу үрдісінде оқушының білім алуға, өз бетімен әрекет етуге деген құлшынысын оятуға, ақыл-ойының дамып, жетілуіне түрткі болатын танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру өзекті сипат береді.

Терең білімге негізделген танымдық біліктердің қалыптасуы оқушылардың білімді теориялық негізде қорыта алуға мүмкіндік беріп, интеллектуалдық белсенді ойлауын жандандырып, шығармашылыққа жетелейді, нәтижесінде, оқушы жеке тұлғасының қалыптасуына негіз болады. Мұғалім мен оқушы арасындағы бірлескен қарым-қатынастың маңызы ерекше.

#### *Әдебиеттер*

- 1. Қазақстан Республикасының Білім берудің дамытудың 2005–2010 жылға арналған бағдарламасы // Егемен Қазақстан. – 2004. – 16 қазан. – 7 б.*
- 2. Қазақстан Республикасының заңы 2007 жылғы шілденің 27-сі № 319-III білім туралы (2013.14.01 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). – Алматы: LEM, 2013. – 148 б.*

3. Қосанов Б.М. Математика курсындағы шығармашылық жаттығулар: орындау технологиясы / Б.М. Қосанов. – Алматы, 2005. – 72 б.

4. Оспанов Т.Қ. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі / Т.Қ. Оспанов, Ш.Қ. Құрманалина, С.Қ. Құрманалина. – Астана: Фолиант баспасы, 2007. – 48 б.

***Пути развития мыслительной деятельности учащихся***

Л.Ж. Ажикенова  
учитель начальных классов СОШ №33,  
г. Екибастуз, Казахстан

**Аннотация**

В данной статье рассмотрены задачи современного преподавания и пути развития мыслительной деятельности учащихся с помощью творческих заданий.

Ключевые слова: мыслительная деятельность учащихся, обучающие технологии, творческие задания, гуманизация, новые идеи.

***The development of students thinking abilities***

L.Zh. Azhikenova  
Secondary school №33 of Ekibastuz, Kazakhstan

**Summary**

In this article, the challenges of contemporary teaching and the development of student's thinking abilities with creative tasks.

Keywords: thinking abilities of students, educational technologies, creative tasks, humanization, new ideas.



УДК 371.3:001.895

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ РАЗВИТИЯ КРИТИЧЕСКОГО  
МЫШЛЕНИЯ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ  
УНИВЕРСАЛЬНЫХ УЧЕБНЫХ ДЕЙСТВИЙ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

***А.Ш. Жумашева***

*профессор кафедры дошкольного и начального образования,  
доктор филологических наук, доцент,  
Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар, Казахстан*

***И.Х. Наурузова***

*студентка IV курса кафедры дошкольного и начального образования  
факультета педагогики и спорта,  
Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар, Казахстан*

*Аннотация*

*В статье рассматривается сущность технологии развития критического мышления как средство формирования универсальных учебных действий младших школьников. Также раскрывается понятие «универсальные учебные действия» и их связь с технологией развития критического мышления.*

*Ключевые слова: инновация, универсальные учебные действия, технология развития критического мышления.*

Важнейшей характеристикой современности являются инновационные процессы, пронизывающие все сферы и уровни социальной реальности и жизнедеятельности человека. Инновационная деятельность рассматривается как направление исследований в современной педагогической практике, отражающей многоплановость, многообразие и взаимообусловленность и допускающей возможность создания механизмов педагогического управления изменениями. Современные инновационные процессы в сфере образования позволяют понять новое видение места и роли человека в обществе: возможность его воздействия на процесс развития социально-культурной сферы, в котором личность раскрывает себя как активный субъект, преобразующий социальную действительность.

В настоящее время в Казахстане происходят существенные изменения в сфере образования. Это связано с переходом на позиции личностно-ориентированной педагогики. Одной из задач современной школы становится раскрытие потенциала всех участников педагогического процесса, предоставление им возможностей про-

явления творческих способностей. Решение этих задач невозможно без осуществления вариативности образовательных процессов, в связи с чем появляются различные инновационные типы и виды образовательных технологий, которые требуют глубокого научного и практического осмысления. В последнее время образование все более ориентируется на создание таких технологий и способов влияния на личность, в которых обеспечивается баланс между социальными и индивидуальными потребностями и, которые, запуская механизм саморазвития (самосовершенствования, самообразования), обеспечивают готовность личности к реализации собственной индивидуальности и изменениям общества.

Использование в учебных программах инновационных технологий позволяет расширить учебный процесс и, не отрываясь от проблем обучения и воспитания, развить личностные качества обучающихся и составить основу эффективности результатов обучения.

Помимо всего вышесказанного, важнейшей задачей современной системы образования является формирование универсальных учебных действий, обеспечивающих школьникам умение учиться, способность к саморазвитию и самосовершенствованию.

Универсальные учебные действия (УУД) – это обобщенные действия, открывающие возможность широкой ориентации учащихся, – как в различных предметных областях, так и в строении самой учебной деятельности, включая осознание учащимися ее целевой направленности, ценностно-смысловых и операциональных характеристик.

В широком смысле слова «универсальные учебные действия» означают саморазвитие и самосовершенствование путём сознательного и активного присвоения нового социального опыта.

Одной из особенностей УУД является их универсальность, которая проявляется в том, что они

- носят надпредметный, метапредметный характер;
- обеспечивают целостность общекультурного, личностного и познавательного развития и саморазвития личности;
- обеспечивают преемственность всех ступеней образовательного процесса;
- лежат в основе организации и регуляции любой деятельности учащегося независимо от ее специально-предметного содержания;
- обеспечивают этапы усвоения учебного содержания и формирования психологических способностей учащегося.

Одна из универсальных технологий позволяет значительно повысить надежность образования, потому что оно становится осознанным и рефлексивным, повышает коммуникативный потенциал личности, – это технология развития критиче-

ского мышления. Перед школой в настоящее время остаётся актуальной проблема самостоятельного успешного усвоения учащимися новых знаний, умений и компетенций, а технология развития критического мышления обладает именно тем потенциалом, который обеспечивает развитие интеллектуальных способностей ученика, позволяющих ему учиться самостоятельно.

В различных научных источниках можно найти разные определения термина «критическое мышление». Обобщив, можно сказать, что критическое мышление – это процесс соотнесения внешней информации с имеющимися у человека знаниями, выработка решений о том, что можно принять, что необходимо дополнить, а что отвергнуть. Критическое мышление учит активно действовать и помогает понять, как надо поступать в соответствии с полученной информацией, при этом нужны не только способности к внутреннему размышлению, но и умение обсуждать, взаимодействовать с другими людьми. Критическое мышление иногда называют направленным мышлением, поскольку оно направлено на получение желаемого результата.

К достоинствам технологии развития критического мышления по отношению к другим педагогическим подходам и технологиям относятся:

- ориентирование на развитие ученика;
- использование современных методических приемов, развивающих интеллектуальные, коммуникативные и познавательные умения учащихся.

Данная технология помогает ученику овладеть способами работы с информацией, вдумчивого чтения, структурирования материала, умением задавать вопросы, постановки и решения проблем, рефлексивного письма, помогает овладеть методами групповой работы, умением аргументировано вести дискуссию. Технология объединяет известные и новые методические приемы в определенной логике построения урока.

Что же даёт технология развития критического мышления учащимся?

- Повышение эффективности восприятия материала;
- повышение интереса как к изучаемому материалу, так и к самому процессу обучения;
- умение критически мыслить;
- умение ответственно относиться к собственному образованию;
- умение работать в сотрудничестве с другими;
- повышение качества образования учащихся;
- желание и умение стать человеком, который учится в течение всей жизни.

Что даёт данная технология учителю?

- Умение создать в классе атмосферу открытости и ответственного сотрудничества;

- возможность использовать модель обучения, которая способствует развитию самостоятельности;
- стать практиками, которые умеют грамотно анализировать свою деятельность;
- стать источником ценной профессиональной информации для других учителей.

Технология развития критического мышления предлагает для выбора целый веер стратегий, приёмов и методов, но этот перечень не закрыт, и учитель вполне может использовать те приёмы, к которым он привык, которые он считает наиболее эффективными.

Ниже в таблице можно рассмотреть некоторые возможные приемы и методы технологии развития критического мышления. Так как технология предполагает использование на уроке трёх стадий (стадия вызова, смысловая стадия и стадия рефлексии), в таблице можно увидеть, какие приемы целесообразно использовать на каждой стадии.

Таблица 1. Методы и приемы технологии развития критического мышления

Название метода или приема	Описание	Стадия использования
1	2	3
«Мозговой штурм»	Цель использования: 1) выяснение того, что знают дети по теме; 2) набрасывание идей, предположений по теме; 3) активизация имеющихся знаний.	Вызов
«Корзина идей»	Это прием организации индивидуальной и групповой работы на начальной стадии урока, когда идет актуализация знаний и опыта. Этот прием позволяет выяснить все, что знают учащиеся по обсуждаемой теме урока. На доске прикрепляется значок корзины, в которую условно собирается то, что ученики знают об изучаемой теме.	Вызов
«Верные и неверные утверждения»	Этот прием может быть началом урока. Учитель предлагает ряд утверждений по определенной теме. Учащиеся выбирают «верные» утверждения, полагаясь на собственный опыт или интуицию. В любом случае они настаивают на изучение темы, выделяют ключевые моменты, а элемент соревнования позволяет удерживать внимание до конца урока. На стадии рефлексии возвращаемся к этому приему, чтобы выяснить, какие из утверждений были верными.	Вызов Рефлексия

Продолжение таблицы 1

1	2	3								
«Инсерт»	Чтение текста с пометками: + я это знал, – я этого не знал, ! это меня удивило ? хотел бы узнать подробнее. Составление таблицы, выписываются основные положения из текста <table border="1" data-bbox="427 562 1075 618"> <tr> <td data-bbox="427 562 587 595">+</td> <td data-bbox="587 562 746 595">–</td> <td data-bbox="746 562 906 595">!</td> <td data-bbox="906 562 1075 595">?</td> </tr> <tr> <td data-bbox="427 595 587 618"></td> <td data-bbox="587 595 746 618"></td> <td data-bbox="746 595 906 618"></td> <td data-bbox="906 595 1075 618"></td> </tr> </table>	+	–	!	?					Осмысление
+	–	!	?							
«Свободное письмо»	Аргументированное письмо. В течение нескольких минут учащиеся выражают собственные мысли по теме. Это может быть эссе. Обоснование выбора того или иного афоризма, пословицы в качестве основной мысли	Рефлексия								
«Синквейн»	Пятистишие: Тема – 2 прилагательных, описывающих тему – 3 глагола, характеризующих действие – фраза из 4 слов, содержит основную мысль – синоним к теме. В синквейне отражается суть понятия, не должно быть однокоренных слов, выразить типичные черты понятия.	Рефлексия								
«Толстые и тонкие вопросы»	Чтение текста по частям и постановка открытых вопросов: что будет с героями дальше? Почему так думаете? Как выглядели герои? Опишите дальнейшие события и т.д.	Осмысление и рефлексия								
«Кластер» – гроздь винограда	Карта мышления. 1. Работа с текстом: выделение смысловых единиц текста и графическое их оформление в виде грозди (тема и подтемы)	Осмысление и рефлексия								
Перепутанные логические цепи	Отрывки из текста, цитаты, события необходимо расположить в хронологическом порядке, составить логическую цепочку.	Осмысление Рефлексия								
«Зигзаг»	1 этап – учащиеся делятся на группы, в группах рассчитываются на такое количество, сколько групп 2 этап – рассаживаются в группы экспертов (по номерам), каждая группа получает определенное задание, в группе изучают, составляют опорные схемы 3 этап – возвращаются в домашние группы, по очереди рассказывают новый материал – взаимообучение	Осмысление								
Взаимоопрос	Чтение текста в парах по одной части. Роли ученика и учителя меняются. Учащиеся ставят толстые и тонкие	Осмысление								

Продолжение таблицы 1

1	2	3					
	вопросы по прочитанному друг другу. Вопросы записываются. Лучшие вопросы задаются классу						
«Ключевые слова»	Выписываются из текста «ключевые слова», по которым можно придумать рассказ или расставить их в определенной последовательности, а затем, на стадии осмысления искать подтверждение своим предположениям, расширяя материал.	Осмысление					
«ЗХУ»	Заполнение таблицы:						
	<table border="1"> <tr> <td>Знаю (вызов)</td> <td>Хочу узнать (вызов)</td> <td>Узнал (реализация смысла или рефлексия)</td> </tr> <tr> <td>Работа в паре: что я знаю о теме урока?</td> <td>Формулирование целей</td> <td>Соотношение старой и новой информации</td> </tr> </table>	Знаю (вызов)	Хочу узнать (вызов)	Узнал (реализация смысла или рефлексия)	Работа в паре: что я знаю о теме урока?	Формулирование целей	Соотношение старой и новой информации
Знаю (вызов)	Хочу узнать (вызов)	Узнал (реализация смысла или рефлексия)					
Работа в паре: что я знаю о теме урока?	Формулирование целей	Соотношение старой и новой информации					

Данные приёмы не только позволяют заинтересовать ребёнка информацией и актуализировать имеющиеся знания, что способствует формированию личностных, коммуникативных универсальных учебных действий, но и формировать другие виды универсальных учебных действий.

Приемы критического мышления позволяют проводить обучение на высоком уровне, позволяют осуществить дифференцированный подход в обучении, повышают мотивацию к учению в целом и приводят к осознанию самого процесса учения. Методика развития критического мышления предполагает уравновешенный подход к учебно-воспитательному процессу, равенство элементов содержания образования, целенаправленного обучения и развития учащихся. Применение технологии развития критического мышления способствует формированию увлеченного и целеустремленного отношения к процессу получения знаний, навыков познавательной творческой деятельности, наблюдательности, воображения, умений логически мыслить, анализировать, сравнивать и обобщать, навыков публичных выступлений, иными словами, способствует формированию как личностных, так и предметных универсальных учебных действий.

Технология развития критического мышления предполагает гуманистический подход к обучению, в противоположность авторитаризму, предполагает личностную вовлеченность обучающегося в процесс учения: ученик в нём инициативен и самостоятелен, он учится осмысленно, его любознательность поощряется. Если в традиционном обществе ещё можно было строить обучение путём трансляции учителем информации, то в век динамичных изменений главным становит-

ся формирование умения учиться самостоятельно. Основным приоритетом развития образования сегодня становится его личностно-ориентированная направленность. Данная технология – один из способов превратить учение в личностно-ориентированное.

Таким образом, можно сделать вывод, что критическое мышление – не отдельный навык, а комплекс навыков и умений, которые формируются постепенно, в ходе развития и обучения ребенка. Систематическое включение критического мышления в учебный процесс должно формировать особый склад мышления и познавательной деятельности. Поэтому, работая в русле критического мышления, нужно уделять большое внимание выработке качеств, необходимых для продуктивного обмена мнениями: терпимости, умению слушать других, ответственности за собственную точку зрения. Таким образом, нам удастся значительно приблизить учебный процесс к реальной жизни, протекающей за стенами классной комнаты. Любая педагогическая деятельность в итоге направлена на построение идеального общества, и в этом смысле даже один школьный класс, обученный основам критического мышления, есть шаг к достижению больших целей.

#### *Список литературы*

1. Асмолов А.Г. *Как проектировать универсальные учебные действия: от действия к мысли* / А.Г. Асмолов и др. – М., 2010.
2. Заир-Бек С.И. *Развитие критического мышления на уроке: пособие для учителя* / С.И. Заир-Бек, И.В. Муштавинская. – М.: Просвещение, 2004.
3. Загашев И.О. *Критическое мышление: технология развития: пособие для учителя* / И.О. Загашев, С.И. Заир-Бек. – СПб: Альянс «Дельта», 2003.
4. Селевко Г.К. *Современные образовательные технологии* / Г.К. Селевко. – М.: Народное образование, 1998.

#### ***Мектепке дейінгі оқушылардың оқу іс-әрекетінің амбебап құралдар сапасы негізінде сыни тұрғысынан ойлау технологиясы дамытып қолдану***

А.Ш. Жумашева

Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының профессоры Филология ғылымдарының докторы, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ, Қазақстан

И.Х. Наурузова

IV курс студенті, Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы педагогика және спорт факультеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ, Қазақстан

## Аңдатпа

Мақалада әмбебап білім беру іс-шаралары, сыни ойлау технологиясының дамуы туралы жазылған. Сондай-ақ, «әмбебап білім беру іс-шаралар» және сыни ойлау технологиясының жайында тұжырымдамалар айтылған.

Тірек сөздер: инновация, әмбебап оқу әрекеттері, сыни ойлауды дамыту технологиясы.

***The use of technology of critical thinking development as a means of formation of universal educational actions of junior school children***

A. Sh. Zhumasheva

Professor, Department of preschool and primary education,  
doctor of philological Sciences, associate Professor  
Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar, Kazakhstan

I. H. Nauruzova

The student of the fourth course of chair of preschool and primary education  
faculty of pedagogics and sport  
Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar, Kazakhstan

## Summary

The article considers the essence of the technology of critical thinking development as a means of formation of universal educational actions of junior schoolchildren. Also reveals the concept of «universal educational actions» and their relationship with the technology of critical thinking development.

Keywords: innovation, universal educational actions, technology of critical thinking development



УДК 371.212.3.

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН  
ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***Е.М. Байсарин***

***Павлодар қаласының «Жас дарын» мамандандырылған мектептің математика мұғалімі, Павлодар қ. Қазақстан***

*Аңдатпа*

*Аталмыш мақалада дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстың ерекшеліктері қарастырылған. Дарынды балалардың қабілеттері жайлы зерттеуші ғалымдардың еңбектері туралы айтылған.*

*Тірек сөздер: ақыл – ой қабілеті, эстетика, әңгімелесу, дарындылықты тану, таным бастамасы, таланттың тұқымқуалаушылығы.*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуына көңіл бөлу, жеке тұлғаның дарындылығын дамыту қажет», – деп атап көрсеткен [1].

Дарынды бала – айрықша жетістіктермен ерекшеленетін және іс-әрекет ба-рысында сондай жетістіктерге ұмтылатын баланы айтамыз. Дарындылықтың да-муын зерттеуде балалардың шығармашылық мүмкіндіктері мен ақыл-ой дамуы жоғары деңгейде анықталатын жалпы дарындылықтың және нақты әрекет музыка, спорт т.б. түрде байқалатын арнайы дарындылықтың анықталуы өте маңызды.

Шығармашылық қабілетін көрсете білген балалар одан әрі оны жарияламай, Н.С. Лейтес бағалағандай: «Өспелі дарындылыққа» және шартты түрде белгілі бір әрекетке бағыттай алады». Көптеген психологтер анықтаған дарындылықтың ықтимал теориясы дарынды балалардың санатын анықтауды кеңейтуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты дарынды балаларды оқыту жолында жетістіктерге же-ту үшін белгілі бір мөлшерде жағдай жасалады.

Балалармен жүргізілетін жұмыс балабақшаның бағдарламасынан ерек-ше өздерінің жеке тұлғалық қасиетін ашып көрсете алуын қамтамасыз ететін бағдарламалар негізінде оқытылуы қажет. Сондықтан дарындылыққа берілген ше-тел зерттеушілерінің анықтамаларында оларды оқытудың арнайы бағдарламасы-ның қажеттігі туралы мәліметтер берілген. Дарынды балалар деп – қандай орта-да болмасын кез келген істі жоғары деңгейде атқара алатын, күнделікті қарапайым мектеп бағдарламасынан өзгеше оқыту бағдарламасын қажет ететін балаларды

атайды. Бұл оқыту олардың қабілеттерінің төмендеуін емес, керісінше, одан әрі дамуын, өсу ықтималдығын қамтамасыз етеді.

Дарындылықты зерттеген Дж. Резулли, дарынды балалардың дамуы негізінде ақыл-ойларының жұмыс жасау ерекшеліктері мен биологиялық жетілуіне ерекше назар аударылмайтығын айтады. Оның пікірінше: «Дарындылық адамға мінез-құлықтың үш негізгі «Кластерінің» өзара байланысы арқылы беріледі: орта деңгейдің жалпы мүмкіндіктері, жоғары деңгейдің «тапсырмаға беріктілігі» және үшінші деңгейдің шығармашылық мүмкіндіктері.

Дж. Ризулли: «Шығармашылық дарындылық белгілері байқалатын балалар стандартты оқыту бағдарламасынан тыс кеңейтілген деңгейде оқыту мүмкіндіктерін қажет етеді», – деп көрсетеді.

Л.С. Выготскийдің анықтамасы: «Жеке туындылардың өзімен бірге әлеуметтік коэффициенті болады. Бұл жағдайда ешқандай туынды жеке болмайды. Оның құрамында азғантай болса да жасырын бірлік болады» .

Демек, талантты балаларды арнайы оқыту немесе бағдарламалар тиімділігін арттыру үшін дарынды балалар үшін жасалған бағдарламалар нағыз «лаборатория» және оқытудың алдын ала тәжірибесі болып табылады. Аталған зерттеулер нәтижесін дәстүрлі оқыту процесінде қолдануға болады. Дж. Ризулли: «Дарындылар үшін көптеген арнайы бағдарламалар түйіні болып табылатын еңбектерді қабылдау барлық оқушыларды дамыту мақсатында оқу үрдісіне қосылуы маңызды», – дейді. Сонымен, бүгінгі таңдағы дарынды балаларға арналған бағдарлама балалардың көпшілігі үшін жарқын болашақ бағдары болып табылады деп есептейміз.

Бірақ баласының жеке дара қасиеттерін дамыту үшін, дарынды ата-ана болу қажет. Дарынның белгісерін байқау оңай ерекше қасиеттерін байқап өзінің қалауынша тәрбиелейді. Осы кезде, мысалы музыкаға зейіні бар бала әркезде әндетіп, ал математикалық қасиеттер есепке деген қызығушылығында байқалмайтынын ұмытпау керек. Балалық шақтағы дарындылықтың ерте көзге түсуі ата-аналардың, педагогтердің қамқоршылығын талап етеді. Дарынды балалардың мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану, дамыту мақсатында арнайы жасалынған бағдарламалар арқылы оқыту жүргізіледі (мысалы, арнайы дарынды балаларға арналған арнайы физика-математика мектептері).

Дарынды балалардың ерекшелігін бірнеше тұрғыдан байқауға болады:

Біріншіден, *педагогикалық тұрғыдан*:

Өзгеше ойлайды, көп көлемді білім меңгереді де оны ұмытпайды.

Екіншіден, *психологиялық тұрғыдан*:

Ішкі сезімі өзгеше-өте сезімтал, толыққанды, ықылас қойған нәрсесін, тақырыбын әр жерде негізгі мәселе етіп қояды.

Үшіншіден, *физиологиялық тұрғыдан:*

Дамудағы шапшандылық, жиі-жиі ойға берілу, қиял күшінің басымдылығы.

Төртіншіден, *әлеуметтік тұрғыдан ерекшелігі*

Адамгершілік сезімдері ерте дамыған, моральдық қасиеттері жоғары, достық-әзілдік сезімінің басым түсуі.

Оқушының дарындылығын анықтап, дамыту үшін әр пән мұғалімі өзінің алдына мынандай мақсаттар мен міндеттерді қойды:

1. Дарынды оқушының ақыл-ойының, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы мен ерекшеліктерінің өзіндік ашылу деңгейі мен өлшемін ескеру;

2. Жан-жақты ақпараттандыру

3. Коммуникативті бейімдеу;

4. Дарынды оқушының шығармашылық бағытының ашылуына, дамуына, қоршаған ортаға өзін-өзі жарнамалауына көмек көрсету;

Осы мақсаттар мен міндеттерді орындауда мектеп ұстаздары мынандай жұмыс түрлерін қолданады:

1. Икемді және ұтқыр оқу жоспарын құрады;

2. Жеке пәндерді оқытуда тәуелсіз қозғалыс жасайды;

3. Дарынды оқушының өзінің жұмысын өзі жоспарлап, шешім қабылдауына ықпал етеді;

4. Дарынды оқушының қызығушылығына байланысты оқу жоспарын құрады;

Осындай жұмыс түрлерін ұйымдастыруда ұстаздар мынандай мәселелерге баса назар аударады:

1. Пән сабақтарында шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды іріктеу, орындау, талдау жұмыстарын жүйелі жүргізуге;

2. Дарынды оқушылардың білім деңгейі мен олардың өз мүмкіндіктерін пайдалану көрсеткішін арнайы әдістемелер бойынша жүйелі түрде тексеріп отыруға;

3. Сабақтан тыс мезгілде жүргізілетін жұмыстарға – пәндік олимпиада, ғылыми конференцияға, интеллектуалдық турнирлер мен шығармашылық байқауларға дайындық жұмыстарын жыл бойы жоспарлы жүргізуге;

4. Білім беру мекемелерінде дарынды оқушылар үшін арнайы сыныптар мен топтар құрып, оқу бағдарламаларын жеделдетіп оқытуды ұйымдастыруға; Жеделдетіп оқыту бағдарламасын мұғалім оқушымен және ата-анасымен бірігіп құрады.

Дарынды оқушылармен жұмыс нәтижелі болуы мақсатында олардың ата-аналарымен де бірқатар жұмыс жүргізіледі. Ендеше оны анықтап, ашып жетілдіру ұстаздардың маңызды міндеті. Ал, тәрбиеге келсек, ол мектептегі тәрбие мен жанұя тәрбиесінен тұрады.

Сондықтан дарынды оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыста болып бірлесіп тәрбиелеу аса маңызды жұмыс.

Ата-аналардың бала тәрбиесіне тәрбиешілік қабілеті бірдей емес, көбінесе жетіспей жатады. Сондықтан ата-аналармен жүргізілетін ең басты жұмыс – ата-ананың жеке басының үлгісі.

Баласын тәрбиелеудегі ең маңызды фактор екендігін ата-аналар санасына жеткізіп сіңіру. Міне, дарынды баланың ата-анасына жұмыс осыдан басталады. Егер балалар ата-анасынан безе бастаса, мұның ақыры үлкен қиындыққа соғуы мүмкін. Ата-анасынан сырт айналған балалар теріс ортаға тез бейімделеді. Сондықтан, ата-аналар олардың іс-әрекетіне өте байыпты болу қажет.

Сонымен, дарынды бала ойлау дербестігіне ие, ол жаңа мәселелер мен проблемаларды қоя біліп, оларды тың әдістермен шеше біледі.

Оқушыны уақыт талабына қарай икемдеп, санасына өз заманының озық өнегесін сіңіре білу, шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы.

М. Жұмабаев өзінің «Педагогика» еңбегінде адамның жалпы рухани дамуы туралы айта келіп, тәрбиені, ақыл ой, адамгершілік, эстетикалық деп бірнеше түрге бөліп қарастырады. Ол жеке тұлға тәрбиесі мәселесін интеллектуалдық қабілеттілікпен тығыз байланыста қарастырады.

#### *Әдебиеттер*

1. *Қазақстан Республикасының Білім берудің дамытудың 2005–2010 жылға арналған бағдарламасы // Егемен Қазақстан. – 2004. – 16 қазан. – 7 б.*
2. *Жұмабаев М. Педагогика / М. Жұмабаев. – Алматы: Жазушы, 1999.*
3. *Алтынсарин Б. Таңдамалы шығармалары / Б. Алтынсарин. – Алматы, 1995.*
4. *Выготский Л.С. Формирование приемов умственной деятельности и умственное развитие учащихся / Л.С. Выготский. – М.: Просвещение, 1988. – 288 с.*

#### *Особенности работ с одаренными детьми*

Е.М. Байсарин

Жас дарын, специализированная школа, г. Павлодар, Казахстан

#### *Аннотация*

В данной статье рассматриваются особенности работ, проводимых с одаренными детьми. Даны высказывания ученых о способностях одаренных детей.

Ключевые слова: умственные способности, эстетика, беседа, одаренность, самопознание, талант.

*The history of giftedness research*

E.M. Basarin  
Zhas Daryn, specialized school, Pavlodar, Kazakhstan

## Summary

This article discusses the features of the work carried out with gifted children. Given the statements of the scholars about the abilities of gifted children.

Keywords: mental abilities, aesthetics, interview, giftedness, self-knowledge, talent.

УДК 130.2 (574.25)

**БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Қ.Ф. Зағыпаров**

*философия ғылымдарының кандидаты, КСРО БАК доценті,  
экономика, құқық және философия кафедрасының профессоры,  
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ, Қазақстан*

*Аңдатпа*

*Бұл мақалада болашақ мамандардың философиялық мәдениетін қалыптастыру мәселелері қарастырылады.*

*Тірек сөздер: маман, ұстаз, дүниетаным, құндылықтар, мәдениет, философия, философиялық мәдениет.*

Бүгінгі студент – ертеңгі маман, болашақ ұстаз бен қоғамдық қайраткер. Оның жас ұрпақтар мен мемлекет алдындағы осы аса жауапты істі, міндетті жемісті және толыққанды атқаруы үшін жоғары оқу орнында алған сапалы, терең педагогикалық білімі мен тағылымды тәрбиесі жеткіліксіз. Оған қоса өзі еңбек жасап жатқан білім, оқу тәрбие саласындағы міндеттердің, мақсаттардың елімізде, әлемде өтіп жатқан саяси, әлеуметтік, рухани, экономикалық, жаһандық процестер, құбылыстармен тығыз байланыстарын анықтай алатын, түсінетін, одан туатын мәселелердің шешу жолдарын таба алатын ой-өрісі кең, сыни талдау мен ойлау қабілеті, жоғары философиялық мәдениеті болуы керек. Жастар – біздің болашағымыз, туған елімізді, Отанымызды көркейтетін, өсіретін, дамытатын сен-

дер, сондықтан сендерде сапалы білім мен креативті шығармашылық ойлау болу керек деп Президентіміз – Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жаңа жаһандық ахуалда: өсім, реформалар даму» және т.б. жолдауларында, еңбектерінде, сөздерінде үнемі айтып келеді.

Алдымен «мәдениет» деген ұғымға қысқаша тоқталайық. Ол латын тілінің «cultura» – өңдеу, егу, тәрбиелеу, жақсарту деген сөзі. Бұл термин әуел баста адамның топырақты (жерді) өңдеуі, оны баптауы мағынасында қолданылған. Кейін атақты Цицерон осы сөзді басқа астарлы, ауыспалы, яғни енді адамның өзіне, оның ақылына ықпал жасау, ақылды философиялық өңдеу мағынасында пайдаланған («cultura animi»).

Философиялық пен әлеуметтік ойдың, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдардың дамуы барысында мәдениет өте кең, көп мағыналы ұғымға айналды, ерекше әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылатын болды. Бұл ретте Д. Вико, Э. Тейлор, О. Шпенглер, А. Швейцер, А. Тойнби, Н.Я. Данилевский және т.б. көптеген философ, этнограф, тарихшылардың еңбектерін атауға болады және олардың шығармаларында әртүрлі пікірлерді, тұжырымдамаларды, анықтамаларды кездестіруге болады. Әңгіме бұлардың көптігінде, санында емес, ойдан ең басты мәселені шығаруға болмайды: мәдениет және адам тығыз байланысты. Түптеп келгенде мәдениет адамдар іс-әрекетінің, ақыл-ойының, әлеуметтік болмысты сақтау мен жаңарту жөніндегі қызметі және осы қызметтің жемістері мен нәтижелері.

Кең мағынада мәдениетке адам (адамзат) жасағанның бәрі кіреді, ол екі түрге бөлінеді. Өндіріс, техника, каналдар, ғимараттар, компьютерлер, кітаптар, өнер жетістіктері (материалданған формасында) материалдық мәдениетті құрайды. Ал рухани мәдениеттің негізгі формалары білім, ғылым, өнер, философия, мораль, мифология және дін, құқық, саяси және қоғамдық институттар.

Мәдениет ерекше әлеуметтік құбылыс болғандықтан оның типологиясы, атқаратын функциялары көп. Әртүрлі салаларда қолданылуына байланыста ғылыми әдебиетте «саяси мәдениет», «құқықтық мәдениет», «құлықтылық мәдениет», «экономикалық мәдениет», «ұлттаралық қатынас мәдениеті», «ой еңбегі мәдениеті», «ойлау мәдениеті», «философиялық мәдениет» және т.б. туралы айтылады. Шынайы өмірде бұлардың барлығы өзара тығыз байланысты және әр адамда қалыптасқан болуы керек, бірақ білім, ғылым, басқару салаларында жүрген мамандарға, ұстаздарға, басшыларға ерекше қажет.

Болашақ маманның, түптеп келгенде тұлғаның философиялық мәдениеті дегеніміз не және ол қалай қалыптасады? Кең мағынада бұл оның өзі қызмет етіп жатқан салада, сол сияқты қоғамда, әлемде өтіп жатқан сан түрлі құбылыстарды, оқиғаларды сыни тұрғыдан талдау, таразылау қызметі және дұрыс шешім жа-

сау қабілеті, қоршаған әлемге дүниетанымы, өмірге деген көзқарасы, тұлғалық наным-сенімдері, өзіне және басқа адамдарға қоятын талаптар мен танымдар сипаты. Адам, өмір, бақыт, отбасы, еңбек, бейбітшілік, ұлт, кісілік т.б. әлеуметтік, саяси, рухани құндылықтарды білу, олардың мән мағынасын кең, дұрыс түсіну. Осы жоғарыда айтылған жағдайларға сәйкес адам өз өмірінде, жұмысында, қоғамдық-саяси қызметтерінде тиісті шешімдер қабылдайды, іс-қимыл жасайды.

Философиялық мәдениет қалыптасу үшін екі жарым мың жыл ішінде адамзат жинақтаған философиялық мұраны ғана емес, сонымен бірге ойлау мәдениетін, таным және практикалық қызмет әдіснамасын игеру керек. Бұл ретте философияның ғылыми дүниетанымдық көзқарас ретінде рөлі, маңызы өте зор. Бірақ саясаттану, әлеуметтану тағы басқа қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану ғылымдарының да үлкен үлесі барлығын естен шығаруға болмайды.

Сайып келгенде, философиялық мәдениет индивидтің, тұлғаның дұрыс ойлау қабілеті және сол өз ойларын, пікірлерін, шешімдерін жазбаша, ауызша анық, түсінікті, толық жеткізе алу мүмкіншілігі. Өкінішке қарай, қазіргі жастардың көпшілігі екі ауыз сөздің басын құрап ғылыми емес, қарапайым ойларын айта да жаза да алмайды. Мектеп мұғалімдері өз оқушыларының сөйлеу, жазу мәдениетіне аса көп көңіл бөлмейді

Философия курсында біз бұл мәселеге үнемі назар аударып, дәрістер, тәжірибе сабақтары мен студенттердің өзіндік жұмыстарының бай мүмкіндіктерін толығырақ пайдалануға тырысамыз. Осыған байланысты әртүрлі тәсілдер, амалдар, шығармашылық тапсырмаларды кең қолдауға ұмтыламыз.

Алдымен барлық дәрістер тақырыптары бойынша 100-ден аса слайдтар қолданылады. Олар адамзаттың саяси, әлеуметтік, философиялық ойының дамуының логикасын ашып көрсетеді. Қала берді дәрістер үстінде ұлы ойшылдардың, философтардың белгілі бір өзекті проблеманы қалай қойғаны, оны шешу жолдарын іздегені, тапқаны, бүгінгі біздің өмірге, қоғамға маңызы мен пайдасы туралы әңгіме де қозғалады. Мұның бәрі философиялық ойлаудың, мәдениетінің нақты үлгілері екендігі студенттерге жеткізіледі.

Философия сабақтарында оның көрнекті өкілдерінің еңбектерінде қалған талай қанатты сөздер де ойлау мәдениетінің жоғары үлгісі ретінде үнемі пайдаланылады. Мысалы: «Адам – барлық заттардың өлшемі» (Протагар), «Өзінді өзің таны», «Мен өмір сүру үшін ішіп жеймін, ал біреулер ішіп жеу үшін өмір сүреді» (Сократ), «Философия пайымдаудан басталады», «Платон менің досым, бірақ шындық қымбат» (Аристотель), «Ойлаусыз оқу – бекер іс, оқымай ойлану – бос әрекет» (Конфуций), «Білім – күш, күш – білімде» (Ф. Бэкон) т.б. Сонымен біз ұлылардан ойлау мәдениетін тынбай үнемі үйренуіміз керек деген қорытынды шығарылады.

Тәжірибе, студенттердің өзіндік жұмыстарында өткен материалдар бойынша тестер дайындауды қолданамыз. Соның бір үлгісі төменде берілді (құраушылар: А. Асқарова – ГМ-21, З. Бейсенова – ШТА – 21)

*Тест*


1. «Философия» сөзі қай тілден шыққан:  
А) Ағылшын; В) Француз; С) Грек; Д) Неміс; Е) Қытай.
2. «Философ» терминін алғаш қолданған:  
А) Гераклит; В) Пифагор; С) Сократ; Д) Аристотель; Е) Платон.
3. «Философия» терминін ғылымға енгізген:  
А) Пифагор; В) Гераклит; С) Платон; Д) Сократ; Е) Аристотель.
4. «phileo + sophia» қандай мағынаны білдіреді?  
А) Даналықты сүйемін; В) Даналық жолы; С) Адам айнасы;  
Д) Жібек жолы; Е) Даналық адамы.
5. «Философия» ғылымын үнділер қалай атаған?  
А) Карма; В) Даршака; С) Фэлсапа; Д) Нирвана; Е) Йога.
6. «Философия» ғылымын «фэлсапа» деп кімдер атаған?  
А) Үнділер; В) Парсылар; С) Ағылшындар; Д) Түріктер; Е) Арабтар.
7. Табиғаттың, қоғамның, адам ойлауының дамуының жалпы заңдылықтары туралы ғылым ... ол?  
А) Құқық; В) Экология; С) Физиология; Д) Экономика; Е) Философия.
8. Философия қай елде пайда болды?  
А) Бір уақытта ежелгі Үнді, Қытай және Грекия жерінде;  
В) Еуропада; С) Ежелгі Үндістанда; Д) Ежелгі Қытайда; Е) Ежелгі Грекия.
9. Философияның негізгі сұрағы:  
А) Дүние мен адамның, материя мен сананың арақатынасы;  
В) Әлем қалай құралған?  
С) Өмірдің мәні неде?  
Д) Жерден тысқары өркениет бар ма?  
Е) Экологиялық мәселенің себептері неде?
10. Философиядағы негізгі екі бағыт:  
А) Материализм мен идеализм;  
В) Скептицизм және патристика;  
С) Апологетика мен патристика;  
Д) Реализм мен номинализм;  
Е) Позитивизм мен идеализм.
11. Болмыс туралы философиялық ілім:  
А) Онтология; В) Гносеология; С) Антропология; Д) Социология; Е) Аксиология.
12. Философияның функциялары:  
А) Дүниетанымдық, гносеологиялық, әдіснамалық;  
В) Материализм, идеализм, гностицизм;  
С) Менталитет, эзотерия, дүниетүйсік;  
Д) Космоцентризм, теоцентризм, антропоцентризм;  
Е) Мифология, дін, философия.



Мұнымен қатар студенттерге кроссвордтар шешу және жасау да ұсынылды.  
Мысалы:

## №1 кроссворд

Сұрақтарға дұрыс жауап берілсе, тік бағанада оқу пәнінің аты шығады




## Сұрақтар

1. Атақты грек математигі, философы
2. Философиялық әдіс
3. Философиялық функция
4. Философияның бір тарауы
5. «Философия» сөзінің құрамды бөлігі (ор.)
6. Философиялық әдіс
7. «Философия» терминінің арабша түрі
8. Философиядағы үлкен екі бағыттың бірі
9. Философияның атқаратын қызметі

**Жауабы:** \_\_\_\_\_

## №2 кроссворд

Сұрақтарға дұрыс жауап берілсе, тік бағанада философия тарауының аты шығады




Сұрақтар

1. Философиялық әдіс
2. Әлемді, дүниені тануға болады дейтін көзқарас, бағыт
3. Философиядағы үлкен екі бағыттың бірі
4. Философиялық функция
5. Философиялық функция
6. Философиялық көзқарастың бір түрі, кезеңі
7. Философиялық әдіс
8. Әлемнің, дүниенің екі бастамасын мойындайтын бағыт
9. Дүниетанымның бір түрі

**Жауабы:** \_\_\_\_\_

№3 кроссворд

Сұрақтарға дұрыс жауап берілсе,тік бағанада философияның тарауының аты шығады




Сұрақтар

1. Философиямен тығыз байланысты пән, ғылым
2. Дүниетанымның бір түрі
3. Философиялық көзқарастың бір түрі
4. Таным, іс-әрекет иесі
5. Таным, зерттеу процесіндегі материалдық дүниенің бөлшегі (фрагменті)
6. Философиялық көзқарастың бір түрі
7. Философиялық әдіс
8. Философиялық көзқарастың бір түрі
9. Адамды құрметтеуге, ұлықтауға шақыратын көзқарас, бағыт
10. Әлемді тануға болады дейтін көзқарас, бағыт
11. Философия пайда болған елдердің бірі

**Жауабы:** \_\_\_\_\_

## №4 кроссворд

Сұрақтарға дұрыс жауап берілсе, тік бағанада философиялық әдістің атауы шығады



## Сұрақтар

1. Ғылымда қолданылатын тәсіл, амал
2. Іске асыратын ой, пікір
3. Философиямен тығыз байланысты пән, ғылым
4. Философиядағы атақты екі бағыттың бірі
5. Философиялық әдіс
6. Үнділіктер философияны осылай атады
7. «Философия» терминін ғылымға енгізген ойшыл
8. «Философ» терминін алғаш қолданған ойшыл
9. Философиялық әдістердің бірі
10. Философиямен тығыз байланысқан пән, ғылым

**Жауабы:** \_\_\_\_\_

Философия сабақтарында студенттерге оның әрбір тақырыбына байланысты терминдерге, категорияларға жазбаша түсініктер, анықтамалар беруге үйретіледі. Атап айтқанда, бірінші «Философияның пәні және функциялары» деген тақырыпқа сәйкес мынандай терминдерге: «философия», «дүниетаным», «мифология», «дін», «онтология», «гносеология», «материализм», «идеализм» т.б., «Қытай философиясы» тақырыбы бойынша: «Конфуцийшілдық», «даосизм», «легизм», «жэнь», «чжи», «сяо», «ли», т.б., «Үнді философиясы» тақырыбына байланысты: «жайнизм», «буддизм», «ведалар», «нирвана», «карма», «брахман» т.б., осы сияқты әр тақырыптың негізгі ұғымдарына анықтамалар жазылады.

Студенттердің ойлау мәдениетін, ой өрісін кеңейту мақсатында оларға халықтың мақал-мәтелдері, ұлы ойшылдардың даналық сөздеріне түсініктеме бе-

ру де тапсырылып жүр. Мысалы: төмендегі мақал мәтелдердің, нақыл сөздердің мән-мағынасын ашыңдар:

1. Жақсыдан шарапат, жаманнан кесепат.
  2. Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады.
  3. Талаптыға нұр жауар.
  4. Жігітке жеті өнер де аз.
  5. Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен.
- Ауырдың үстімен, жеңілдің үстімен (қайсысы дұрыс, дәлелде).
6. Өзіңе тілемейтін жамандықты өзгеге жасама. (Конфуций)
  7. Сақалын сатқан кәріден,  
Еңбегін сатқан жас артық. (Абай)
  8. Өлсе де ұмытылмаған адам-ажалсыз. (Лао-Цзы)
  9. Кім жүргісі келсе – тағдыр оны жетелейді, ал жүргісі келмесе оны сүйрейді.

(Сенека)

Жалпы алғанда, қолына кітап ұстамайтын, газет-журналдарды оқымайтын, театрлардың есіктерін ашпайтын жастардың қатары көбейіп тұрғанда олардың, әсіресе болашақ мамандардың рухани мәдениетін көтеру, ой-өрісін кеңейту, креативті шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, терең философиялық талдау, ойлау деңгейін жетілдіру өзекті мәселенің біріне айналды.

#### *Әдебиеттер*

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму. Қазақстан халқына Жолдауы / Н.Ә. Назарбаев // Егемен Қазақстан. – 2015. – 1 желтоқсан.
2. Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік / құраст. Т. Ғабитов, А. Құлсариева және т.б. – Алматы: Раритет, 2004. – 320 б.
3. Емельянов В.В. Философская культура молодого специалиста / В.В. Емельянов, П.С. Никитин. – М.: Высш. шк., 1987. – 135 с.
4. Касымжанов А.Х. О культуре мышления / А.Х. Касымжанов, А.Ж. Кельбуганов. – М.: Политиздат, 1981. – 128 с.

#### **Формирование философской культуры будущих специалистов**

К.Ф. Загупаров  
кандидат философских наук, доцент ВАК СССР,  
профессор кафедры экономики, права и философии,  
Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар, Казахстан

#### Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы формирования философской культуры будущих специалистов.

Ключевые слова: специалист, наставник, мировоззрение, ценности, культура, философия, философская культура.

*Formation of philosophical culture of the future specialists*

K.F. Zaguparov

candidate of philosophical science, associate professor of the USSR Higher Certificate Committee, professor of Economics, Law and Philosophy Department, Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar, Kazakhstan

Summary

The article deals with problems of formation philosophical culture of future specialists

Keywords: specialist, teacher, world view, values, culture, philosophy, philosophical culture.

УДК 372.881.512.122

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*С.Ә. Колумбаева*

*№35 мектеп-гимназиясы қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі  
Екібастұз, Қазақстан*

*Аңдатпа*

*12 жылдық мектепте құзыреттілік тәсіл жаңа тәсіл болып табылады. 12 жылдық білімге көшу қазіргі мұғалімнен объективті жаңа нәтижемен сипатталатын ойлау қабілетін қажет етеді. Мектеп оқушысының нақты мүмкіншілігі мен шығармашылығын танып білу және оның құзыреттілігін оқу тапсырмалары арқылы қалыптастыруға жағдай жасау болып табылады.*

*Тірек сөздер: 12 жылдық мектеп, шығармашылық, құзыреттілік, ақпараттық технологиялар, жеке тұлға, танымдық құзыреттілік.*

Қазақстан Республикасының әлемдік өркениетке енуіне қатысты білім беру саласына қойылып отырған заман талабы – шығармашылықпен жұмыс істей алатын, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру. Білім берудегі негізгі мақсат тек білімді, кәсіби мамандандырылған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай

және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны тәрбиелеп шығару. Осы тұрғыда қазіргі кезде ел болашағы азаматтарының қызметтік және мәдени сауаттылық, яғни құзіреттілік деп аталатын білімділіктің жаңа деңгейіне шығуына жағдай жасау міндеті тұр. Ал құзырлылық, құзыреттілік дегеніміз 12 жылдық біліммен тікелей байланысты. Себебі 12 жылдық білім беру жағдайында оқушы тек қана білім алушы ғана емес, сонымен қатар: – Ізденуші – Зерттеуші – Басқарушы – Ұйымдастырушы – Кеңесші – Үйлестіруші дербес тұлға. Сондықтан да 12 жылдық мектепте құзіреттілік тәсіл жаңа тәсіл болып табылады. Тәуелсіз еліміз іргелі, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ілігеміз деп ұмтылып жатқанда, сол мақсатты болашақта жүзеге асыратын ұстаз ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық қабілетті мол тұлға болумен қатар ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге енгізуге дайын, оқу тәрбие ісіне жанашырлық танытатын, қоғамның ең озық бөлігінің бірі бола білуі тиіс [1].

12 жылдық білім беруде әр мұғалім баламен жұмыс жасауда, яғни жүргізілген әр сабағын жаңаша өткізуге оқушының пікірін бақылап олардың өзіндік шешім шығара білуіне көп ықпал жасайды. Қай кезде де, қандай да болмасын өзгерістер мен жаңалықтарды іске асыруда өмірге қолдануда алғашқы кезекте бар жауапкершілік бастауыш мектепке жүктеледі. Абылай ханның сөзімен айтсақ: «Білекке сенген заманда бабаларымыз ешкімге есе бермегенде» бүгінгі білімге сенген заманды білімді ұстаз жаңа ұрпақ болып қапы қалмаймыз», деп ойлаймын. 12 жылдық білім беру жүйесінің құрылымдық өзгеруіне терең бойлап, оның әдіснамалық тұрғыда күнделікті тәжірибеде көрінуін талдау – білім беру саясатының маңызды бағытына айналу. Осыған сәйкес педагог кадрлардың біліктілігін арттыру мен кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар жаңа сипатқа ие болуда. Білім беру жүйесінің қайта құрылу үрдісінде жағымды сипаттамалар мен кедергілер де бақылануда. 12 жылдық білімге көшу қазіргі мұғалімнен объективті жаңа нәтижемен сипатталатын ойлау қабілетін қажет етеді. Педагогикалық іс-әрекеттің шығармашылық бағыттылығы мұғалім қызметіне төмендегідей талаптар қояды:

1) Өзінің әлсіз және мықты жақтарын жаңа формация мұғалімі ретінде объективті бағалай білуі керек, 2) Интеллектуалды әрекеттің жалпы мәдениетін, тіл табысу мәдениетін игеруі тиіс; 3) Болып жатқан интеграциялық үрдістерден, әлемдік білім кеңістігінің даму тенденцияларынан хабардар болуы тиіс. Кез келген инновациялық үрдіс экспериментті жүргізу арқылы болжанады, яғни білім мониторингісі инновациялық білім беру технологияларын қолдану, білім беру құрылымын және мазмұнын жетілдіру, мақсатты белгілеу, басқару, ұйымдастыру тәрізді білім беру үрдісіндегі жетекші үрдістерді өзгерту арқылы дамытудың оңтайлы жолдары мен білім берудің жаңа сапасына жету жолдары (педагогтің

ақпаратты таба білуі, таңдай білуі және талдай білуі, өз бетімен жұмыс жасау қабілеті, белсенділік танытуы, т.б.) анықталады [2,3].

12 жылдық білім беруге көшуді қамтамасыз ету үшін Республикалық ғылыми-практикалық орталық (РҒПО) құрылған болатын. 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу-әлемдік білім кеңістігіне еркін енуі көздейтін заман талабынан туындаған мәселе. Бүгінгі күні қарқынды даму үстіндегі бірқатар елде 12 жылдық оқытуды білім беру жүйесіне енгізуде нақты қадамдар жасалуда. 12 жылдық білім беруге біртіндеп көшуді жүзеге асыру – оның қажеттілігі мен тиімділігін әр педагогтің, ата-ананың саналы түрде түсінуін, қабылдауы мен оған белсенді түрде араласуын, икемділік танытуын қамтитын процесс. 12 жылдық білім мазмұнының негізгі мақсаты қарқынды дамып келе жатқан өзгермелі қоғамда өмір сүруге икемді, жеке басының, сондай-ақ қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Құзыреттілік – оқушылардың іс-әрекетін әмбебап тәсілдерін меңгеруден көрінетін білім нәтижесі. Білім мазмұнын жаңалау – негізгі мақсат. Басты мақсаттың бірі – білім игеру кезінде күтілетін нәтижелерге қол жеткізу. Басты назар мұғалімнен жеке тұлғаға ауысады. Жеке тұлғаны бұрын білімді қабылдаушы, өзіне сіңіруші рөлін атқарса, ал енді жаңа талап бойынша өздігінен білім алушы, үйрене білуші ретінде танылады. Сондықтан жеке тұлғаның бейнесін жаңа заман талабына сай дайындауымыз керек. Бүгінде білім беру стратегиясын «құзыретті білім беру» деп те атап жүр. Жаңа білім берудің жолдары қарастырылуда. Құзыретті білім беру тәсілдері «құзырет, құзыреттілік» ұғымдарымен тікелей байланысты.

Өркениетті елдерде қоғамды ақпараттандыру кең өріс алуға [4]. Осыған байланысты жаңа ақпараттық технологиялар үлкен сипатқа ие. Сыртқы ортадан ақпарат алу, оны өңдеу оқушы мінезін қалыптастырудың қайнар көзі болып табылады. Ақпараттарды өз бетімен алуға, талдауға, қайта өңдеуге үйрету ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруға негіз болады. Мұнда оқушылардың өз бетімен жұмысына көп мән беріледі. Оқушылар өз беттерінше жаңа ақпараттық технологиялардың көмегімен ғаламтордан, түсіндірме сөздіктерден, түрлі әдебиеттерден ақпараттар алып, сабақ барысында пайдаланады. Мұғалімнің басты мақсаты – оқушыға білімді өздігінен игеру амалдары мен тәсілдерін үйретіп, оның өзіндік дүниетанымын қалыптастыруына жағдай жасау, кеңестер және бағыт – бағдар беру.

Оқушы сыни тұрғыдан талданған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдауға, өз бетінше мақсат қоюға, жоспарлауға, осы мақсаттарға жету үшін танымдық қызметтерді жүзеге асыруға үйренеді. Логикалық операцияларды (талдау, жинақтау, қорыту, құрылымдау, дәлелдеу, модельдеу) материалдар-

ды жүйелеуді қолдана отырып ақпараттарды өңдеуге үйренеді. Тұлға жан-жақты болу үшін оның дүниетанымы өте кең болуы керек. Танымдық құзыреттілікті қалыптастыру ақпараттарды іздеп тауып алу мен ақпараттарды алмасумен тығыз байланысты. Ол тұлғаның танымын кеңейтіп қана қоймай, құзырлы тұлға болуына, яғни «сегіз қырлы, бір сырлы» болуына лайықтау мақсаты алға қойылады.

Білім игеру үдерісінің басты тұлғасы – үйренуші деген ұстаным – бүгінгі таным идеяларын ұстанатын технологиялардың басты идеясы. Басты тұжырым – білімді игерудің нәтижеге бағытталуы, күтілетін нәтижені ала білуі. Ол үшін оқушы өзінің әрекеті мен оның нәтижесін бағалауды жүзеге асыруға, технологияны таңдауға мүмкіндік алуға құзырлы. Құзыреттілік коммуникативті байланыс арқылы жүзеге асады. Сөйтіп, оқушы өз позициясын, басқа топтармен байланысқа түсіп, қарым-қатынас жасауды үйренеді [2].

«Қазақ тілі» пәні бойынша құзыреттілікке бағдарланған тапсырмалар.

Фонетика.

Білім алушылар хайуанаттар бағына саяхат жасады. Мұғалім осы көргендері бойынша қабырға газетіне мақала дайындау туралы тапсырма берді. Сен де төмендегі жоспарды басшылыққа алып, мақала жаз.

1. Хайуанаттар бағына саяхат.
2. Хайуанаттар бағындағы қызықтар.
3. Саяхаттың әсері.

Сөз және оның құрамы.

1) «Қарға» сөзінің семантикалық картасын жаса: ол аң ба, әлде құс па? Қайда тіршілік етеді, немен қоректенеді? Түрі, түсі жағынан қай құсқа ұқсайды? Қарға туралы жұмбақ, жаңылтпаш айт.

Сөз таптары.

Анаң сені дүкеннен шомыр сатып әкелуге жіберді. Сен бұл көкөністің атын жол-жөнекей ұмытып қалдың. Қайткен күнде де кері қайтпай, көкөністі сатып алуың керек. Ол үшін сатушыға бұл көкөністі сипаттап бер: оның түрі, түсі, дәмі қандай, одан не жасауға болады?

Мәтін.

Наурыз мерекесі неліктен көктемде тойланады? сұрағына жауап бере отырып, пайымдау мәтінін құрастыр. Өзіңнің жазғаның мен досың жазған мәтінді салыстыр. Олардың ұқсастығы мен өзгешелігін ажырат.

Сөйлеу мәдениеті.

Достары Айдынды туған күнімен құттықтады. Ол қуанғанынан «рахмет, рахмет» дей берді. Оған өз ризашылығын, алғысын бұдан басқа қандай сөздермен жеткізуге болар еді? Айдындың орнында өзің болсаң, қандай сөздерді пайдаланар едің?



Атаңды не әженді құттықтағанда олар алғыстарын қалай білдіретіні туралы диалог құрастыр.

Синтаксис.

Өлеңде леп белгісі туралы былай жұмбақталады:

*Қуану, ренжу, өкіну,  
Мақсатым – соны сездіру.  
Ұранды да айтамын,  
Қарқындап барып қайтамын.*

Басқа тыныс белгілерінің атқаратын қызметі туралы айт.

Осы сияқты оқу тапсырмаларын жалпы білім берудің басқа да пәндер мазмұнына сәйкес құрастырып, сабақтарда жүйелі қолдану арқылы кез келген сынып оқушыларының құзыреттіліктерін қалыптастыруға болады. Әрине, әрбір тапсырманы бағалаудың критерийі болуы керек. Ол оқушыға өзінің жетістігін көруге және Флейвелдің метатану өлшемдеріне сәйкес мониторинг жасауға мүмкіндік береді. Тек ол үшін жана форматтағы сертификатталған педагог көшбасшылық модулінің идеясына сәйкес даму жұмысының көшбасшысы бола білсе болғаны [2]. Жалпы оқу іс-әрекетінің жетекші рөлі – баланың қоршаған ортамен жасайтын барлық қатынастарының жүйесін біріктіретіндігінде, онда тек қана оның жеке психикалық қасиеттері емес, сонымен қатар мектеп оқушысының құзыреттілігі де қалыптасады. Ал жеке тұлғаны дамыту үшін оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда оқушыда қалыптасқан құзыреттіліктерді ескеру керек, яғни оқу іс-әрекеті мен оқушы мотивациясы, танымдық деңгейі бір-біріне сәйкес келуі тиіс. Бұл өз кезегінде сындарлы оқыту теориясына сәйкес қалай оқу керектігін үйренген – құзыретті оқушыны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сондықтан да біздің міндетіміз – мектеп оқушысының нақты мүмкіншілігі мен шығармашылығын танып білу және оның құзыреттілігін оқу тапсырмалары арқылы қалыптастыруға жағдай жасау болып табылады. Осыған сәйкес оқу тапсырмасын – оқушылардың әртүрлі оқу іс-әрекетін орындауға және оқу материалдарын меңгерту үрдісін ұйымдастыруға бағытталған оқу құралы деп қарастыруымыз керек.

#### *Әдебиеттер*

1. Тапаева А.П. 12 жылдық мектеп жағдайындағы құзыреттілікті қалыптастыру / А.П. Тапаева, Л.К. Сулейменова, М.Б. Омирзакова // Молодой ученый. – 2014. – №4.1. – С. 50-52.

2. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей. III басылым. – Назарбаев Зияткерлік мектебі: ДББҰ, 2012.

3. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы. Мектептегі тәжірибеде орындауға арналған тапсырмалар. Үшінші (базалық) деңгей. III басылым. – Назарбаев Зияткерлік мектебі: ДББҰ, 2012.

4. Влазнев А. Профильное обучения: варианты решения / А. Влазнев, В. Филимонов // Профильная школа. – 2004. – №2.

***Формирование компетенций учащихся на уроках казахского языка***

С.А. Колумбаева  
учитель казахского языка школы-гимназии №35,  
г. Экибастуз, Казахстан

**Аннотация**

В 12-летней школе компетентностный подход является новым подходом в преподавании и обучении. Переход на 12-летнее обучение требует от учителя нового формата мышления. Изучив возможности и умение учащихся творчески мыслить, учитель должен создать условия для формирования компетенций школьников.

Ключевые слова: 12-летняя школа, творчество, компетентность, информационные технологии, личность, компетентность.

***The formation of competencies of pupils at the lessons of Kazakh language***

S.A. Kolumbaeva  
Teacher of the Kazakh language school-gymnasium No. 35 in Ekibastuz, Kazakhstan

**Annotation**

12-year-old school competence-based approach is a new approach to teaching and learning. Transition to 12 year education requires from the teacher a new format of thinking. After examining the possibilities, and the ability of students to think creatively, the teacher must create conditions for the formation of competencies of students.

Key words: 12-year-old school, creativity, competence, information technology, personality, competence.

УДК 371.3:001.687

**К ВОПРОСУ О РАЗВИТИИ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ  
У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ*****С.В. Осипова****кандидат педагогических наук, доцент, профессор  
Павлодарского государственного педагогического института,  
г. Павлодар, Казахстан****Е.В. Акимова****студент факультета педагогики и спорта  
Павлодарского государственного педагогического института,  
г. Павлодар, Казахстан****А.И. Рыбалко****студент факультета педагогики и спорта  
Павлодарского государственного педагогического института,  
г. Павлодар, Казахстан**Аннотация*

*В данной статье рассмотрена технология критического мышления, проанализированы характерные особенности данной технологии. На основе проведенного исследования авторами дается рабочее определение понятию «критическое мышление», предлагается краткий диагностический материал.*

*Ключевые слова: мышление, критическое мышление, идеальное критическое мышление, характеристика критического мышления.*

Современное образование выдвигает новые требования, в соответствии с которыми «центральной фигурой в образовательном учреждении, ее ядром должен стать ученик, причем понимаемый не абстрактно, не как класс, группа или все учебное заведение, а рассматриваемый на уровне отдельного человека во всем его богатстве и многообразии его личностных интересов, потребностей и устремлений. Отсюда основной задачей системы образования становится создание благоприятных условий для их проявления и удовлетворения». В настоящее время активный интерес многих педагогов привлечен к современным технологиям, одной из которых является технология развития критического мышления. Идеальное критическое мышление человека обычно связано с любознательностью, хорошей

осведомленностью, причиной доверия, непредубежденностью, гибкостью, справедливостью в оценке, честностью в столкновении с личными предубеждениями, благоразумием в суждениях, желанием пересматривать, прояснять проблемы и сложные вопросы, тщательностью в поиске нужной информации, разумностью в выборе критериев, постоянностью в поиске результатов, которые являются столь же точными, как использованные первоисточники. Это комбинация, связывающая развитие умения критического мышления с пониманием основ рационального и демократического общества.

Критическое мышление носит рефлексивный характер и имеет отношение к общению, к психологии личности. Оно связано не только с познавательной (когнитивной), но и с мотивационной сферой, с самосознанием. Когда же мы имеем дело не с мыслями людей, а с явлениями материального мира, то нам бывает вполне достаточно обычного мышления.

Учение, ориентированное на выработку навыков критического мышления, предусматривает не просто активный поиск учащимися информации для усвоения, а нечто большее: соотнесение того, что они усвоили, с собственным опытом, а также сравнение усвоенного с другими исследованиями в данной области знания. Учащиеся вправе подвергать сомнению достоверность или авторитетность полученной информации, проверять логику доказательств, делать выводы, конструировать новые примеры для её применения, рассматривать возможности решения проблемы и т.д.

*Цель:* определить условия эффективности развития критического мышления младшего школьника на уроках математики.

*Объект исследования:* развитие критического мышления младших школьников.

*Предмет исследования:* педагогические условия развития критического мышления младших школьников на уроке математики.

*Гипотеза:* условия развития критического мышления будут эффективны, если:

– грамотно осуществляется выбор форм и методов развития критического мышления младших школьников на уроке математики;

– процесс развития критического мышления будет комплексным, осуществляться на всех учебных предметах и внеклассных занятиях;

– осуществляется учет индивидуальных особенностей младших школьников.

*Задачи:*

1. Выявить сущность критического мышления младшего школьника.

2. Определить особенности критического мышления младшего школьника.

3. Проанализировать практический опыт развития критического мышления младшего школьника.

4. Продиагностировать уровень сформированности критического мышления младших школьников.

«Критическое мышление» можно отнести к инновационным технологиям, так как она соответствует основным параметрам инновационного обучения.

Термин «критическое мышление» известен очень давно из работ таких известных психологов, как Жан Пиаже, Джером Сеймур Брунер, Лев Семенович Выготский и др. В профессиональном языке педагогов-практиков в Казахстане это понятие стало употребляться сравнительно недавно.

Бертран Рассел как-то сказал, что «во всех делах очень полезно периодически ставить знак вопроса к тому, что вы с давних пор считали не требующим доказательств». Опираясь на это высказывание, ученику необходимо ставить перед собой такие вопросы как: что я знаю? Что я узнал нового? Как изменились мои знания? Что я буду с этим делать?

В настоящее время в различных научных источниках можно найти разные определения критического мышления. Анализ работ по данной теме показывает, что не существует единого определения данного вида мышления.

Многие ученые дают свое определение этого понятия:

Сущность понятия «критическое мышление»	
1. Джон Дьюи	сложная, связанная с поступками человека, основанная на содержании сеть деятельности, вовлекающей всего человека.
2. Робин Пол	это организованное, рациональное, самонаправленное мышление, которое умело преследует цель мышления в некоторой сфере знаний или интересов человека.
3. Б. Бейер	способ оценки аутентичности, ценности или точности чего-либо.
4. Джуди Браус и Дэвид Вуд	это поиск здравого смысла – как рассудить объективно и поступить логично с учетом как своей точки зрения, так и других мнений, умение отказаться от собственных предубеждений.
5. Дайана Халперн	использование таких когнитивных навыков и стратегий, которые увеличивают вероятность получения желательного результата.

Проанализировав их, мы даем свое рабочее определение: критическое мышление – способность анализировать информацию с позиции логики, умение выносить обоснованные суждения, решения и применять полученные результаты как к стандартным, так и нестандартным ситуациям, вопросам и проблемам; способность ставить новые вопросы, вырабатывать разнообразные аргументы, принимать продуманные решения.

Основные характеристики критического мышления: умение видеть проблемы, готовность к их решению, умение анализировать проблему, умение найти нестандартные решения, умение аргументировать свою проблему.

Принципы и технологии критического мышления: готовность, гибкость, способность исправлять свои ошибки, настойчивость, осознание.

Отличием критического мышления от обыденного является: оценивающее суждение, взвешенное суждение, классификация, построение гипотезы и др.

Математика начинается вовсе не со счета, что кажется очевидным, а с загадки, проблемы. Чтобы у младшего школьника развивалось критическое мышление, необходимо, чтобы он почувствовал удивление и любопытство. Только через преодоление трудностей, решение проблем, ребенок может войти в мир творчества.

На уроках математики у учащихся развивается умение логически мыслить и аргументировано доказывать свою точку зрения.

Задачи «шутки» и задачи «головоломки», в свою очередь, развивают у учащихся умение критически подходить к условию задачи, показывают, что не всегда то, что кажется верным на первый взгляд, является таковым. Такие задачи обостряют внимание и приучают к осторожности в привычном ходе мыслей.

В нашей работе мы осуществили диагностику уровня развития логического мышления детей. Диагностическая программа включила в себя следующие методики: «Исключение понятий» для исследования способности к классификации и анализу, определение понятий, выяснение причин, выявление сходства и различий в объектах для определения степени развитости у ребенка интеллектуальных процессов; «Последовательность событий» для определения способности к логическому мышлению, обобщению; «Сравнение понятий» «Четвертый лишний», «Нелепицы», «Установи последовательность», для определения уровня сформированности операции сравнения у младших школьников.

Уровень мышления на уроке математики так же можно проверить такими заданиями, как:

*Задание №1.* В шестнадцати клетках каждой таблицы записаны вразнобой числа от 1 до 20. Это означает, что какие-то четыре числа в каждой таблице пропущены. Без помощи ручки или карандаша, только глазами отследите все числа и выпишите недостающие.

2	19	9	8
20	1	14	16
18	12	7	5
10	4	15	13

20	11	8	17
3	13	6	2
16	4	14	18
7	15	10	5

В таблице 1 отсутствуют числа 3, 6, 11, 17; в таблице 2 – 1, 9, 12, 19.

*Задание №2.* Я громко и медленно назову шесть чисел. Ваша задача выслушать меня внимательно и записать эти числа в том же порядке. Начали: 5, 12, 10, 3, 8, 2 (количество чисел можно увеличить).

*Задание №3.* Разгадайте внешне похожие ребусы: ЮЧКА, ЁБОР, Ш1А, Ф1А, 2Д, ПО2Л (Одиночка, разбор, школа, фраза, парад, подвал.)

Таким образом, развивать критическое мышление у младших школьников на уроках математики необходимо с помощью различных приемов, нестандартных задач, заданий, требующих логического решения, что будет учтено в дальнейшей нашей работе.

#### *Список литературы*

1. Дьюи Д. *Демократия и образование* / Д. Дьюи. – М.: Знание, 2000. – 16 с.
2. *Концепция Федеральных Государственных Образовательных стандартов общего образования* / под ред. А.М. Кондакова, А.А. Кузнецова. – М.: Просвещение, 2008. – 16 с.
3. *Муравьев Е.В. Критика и критическое мышление* / Е.В. Муравьев // *Образование в современной школе*. – 2010. – № 3. – С. 32.

#### ***Математика сабақтарында оқушыларының сыни ойлау дағдыларын дамыту мәселесі бойынша***

С.В. Осипова

педагогикалық ғылымдарының кандидаты, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры, Павлодар қ., Қазақстан

Е.В. Акимова

Педагогика және спорт факультетінің студенті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ., Қазақстан

А.И. Рыбалко

Педагогика және спорт факультетінің студенті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ., Қазақстан

#### **Андатпа**

Берілген мақалада сынды ойлау технологиясы қарастырылып, осы технологияға сай ерекшеліктері туралы талдау жасалды. Өткізілген зерттеудің негізінде авторлармен «критикалық ойлау» ұғымының анықтамасы беріліп, қысқа диагностикалық мәлімет ұсынылды.

Тірек сөздер: ойлау, сыни ойлау, идеалды сыни ойлау, сын тұрғысынан ойлау сипаттамасы.

*On the issue of critical thinking development in primary school children at mathematic lessons.*

S. V. Osipova  
candidate of Pedagogical Sciences, docent,  
Professor of Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar, Kazakhstan

E. V. Akimova  
the student of the faculty of Pedagogy and Sport  
of Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar, Kazakhstan

A. I. Rybalko  
the student of the faculty of Pedagogy and Sport  
of Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar, Kazakhstan

Summary

In this article was described critical thinking technology and was analyzed the characteristics of this technology. On the basis of the research the author provides a working definition of the concept «critical thinking» and proposes a brief diagnostic material.

Keywords: thinking, critical thinking, ideal critical thinking, characterization of critical thinking.

УДК 372.881.512.122

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

*Ә.Қ. Муталипова*

*Екібастұз қаласы С.Торайғыров атындағы  
№22 лицей мектебі, математика мұғалімі*

*Аңдатпа*

*Функционалды сауатты адам қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ақуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етеді. Функционалды сауаттылықты тексеруге арналған тест тапсырмалары алғаш рет 2014 жылы ОЖСБ барысында қолданылды. Математиканы оқытуда оқушыларға оқу материалын есте сақтауға емес, осы материалды шығармашылықпен қолдану шеберлігін қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді.*

*Тірек сөздер: функционалды дағдылар, әлеуметтік бейімделу, құзыреттіліктер, математикалық сауаттылық, шығармашылық қабілет, сабақтастық.*



Бүгінгі күні білім беру саласы «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді Стратегиясының маңызды басым бағыттарының бірі болып танылды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев республиканы әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіргізу туралы міндет қойған болатын. Бұл мәселені жүзеге асыруда білім беру жүйесін жетілдіру айтарлықтай рөл атқарады.

Елбасы Н. Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды. Ұлттық жоспардың мақсаты – Қазақстанда білім сапасын жетілдірудегі, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі атқарылатын іс-шаралардың жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ету болып табылады.

Аталған міндет Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруі процесінде де маңызды болып табылады. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функционалдық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Мемлекет басшысының айтуына қарағанда, білім беру жастардың сауатын ашып қана қоймай, оны әлеуметтік бейімделу кезінде пайдалануға үйретуі қажет.

Оқушылардың алған білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер жүйесін меңгеруі олардың функционалдық сауаттылығы дамуының нәтижесін береді.

Функционалды сауатты адам қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ақуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етеді. Бүгінгі күнге қажетті мамандықты таңдап дұрыс шешім қабылдап, заманауи ақпараттық технологиялардың тілін біліп кез келген әлеуметтік ортаға бейімделеді. Осы тұрғыда функционалды сауатты адамның негізгі белгілерін тұжырымдауға болады: қоғамдық ортада өмір сүре білетін, тіл табыса білетін, белгілі бір сапалық қасиеттері бар, жалпы негізгі және пәндік құзыреттіліктерді меңгерген адам болып саналады.

Негізгі құзыреттіліктер кез келген адамның таңдаған мамандығына қабілеттіліктері мен біліктігіне, бәсекеге қабілетті орта жағдайында өзінің жеке өмірі мен кәсіби жұмысында нәтижеге жетуін түсінуіне мүмкіндік береді.

Оқыту сапасын арттыруда білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының ең үздік білім ресурстары мен технологияларына тең қолжетімділікті қамтамасыз

ету; оқушылардың алған білімдері тез өзгеретін әлемде табысқа жеткізетіндігінен қанағаттану; жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру қажет.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарына сәйкес 2015 жылы оқушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау (одан әрі – ОЖСБ) аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығы бағаланады. Функционалдық сауаттылықты тексеруге арналған тест тапсырмалары алғаш рет 2014 жылы ОЖСБ барысында қолданылды.

Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, тұлғаның мектепте алған білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше білу қабілеті ретінде түсіндіріледі [1].

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алуудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Осы Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (бұдан әрі – Ұлттық жоспар) мектеп оқушыларының функциялық сауаттылығын дамыту процесін мазмұндық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтиды. Ұлттық жоспар Қазақстан Республикасындағы білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту іс-қимылдарының мақсаттылығын, біртұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етуге арналған [2].

Математикалық сауаттылық – әлемдегі математиканың рөлін айқындау және түсіне білу, математикалық тұжырымдарды дәлелді негіздей білу және қызығушылығы бар, ойлы азаматқа тән қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін математиканы қолдана білу қабілеттері.

Қазіргі таңда қоғамды дамыту үшін орта мектептің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – оқушылардың шығармашылық қабілетін барынша ашып, толыққанды қоғам құруға өзінің бар мүмкіндігін жұмсайтын шығармашылық қабілетті жеке тұлға қалыптастыру. Сондықтан, математиканы оқытуда оқушыларға оқу материалын есте сақтауға емес, осы материалды шығармашылықпен қолдану шеберлігін қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді.

Математикалық сауаттылығы – өзі тұрып жатқан әлемде математика рөлін анықтау және түсіну, жасампаз, мүдделі және ойшыл азаматқа тән дәйектелген математикалық пікір айту және математиканы қазіргі таңда және болашақта қажеттілікті қанағаттандыру үшін қолдана алу қабілеті (математикалық сауаттылығы 2003, 2012 жылдары жүргізілді).

Халықаралық TIMSS (Trends in Mathematics and Science Study) зерттеуі оқушылардың математика және жаратылыстану бағытындағы пәндерден білім жетістіктерін анықтауды мақсат етеді. Зерттеу оқушылардың қабілеттерін емес, ол оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу қабілеттерін бағалауға бағытталған. Яғни бұл зерттеудің мақсаты –математика мен жаратылыстануды оқыту үрдістерін дамыту үшін зерттеуге қатысушы елдерді оқушылардың білім жетістіктері туралы салыстырмалы ақпаратпен қамтамасыз ету.

Америкалық педагог-математик Д. Пойа былай деген: «Математиканы білу деген не? Бұл есептерді шығара білу, онда стандарттық есептерді ғана емес, ойлаудың еркіндігін, сананың салауаттылығын, өзіндік болмысты, тапқырлықты керек ететін есептерді шығару». Сондықтан орта мектептің математика курсының бірінші, әрі ең басты, міндеті есеп шығарудың әдістемелік жақтарына назар аудару.

Математиканың теориялық негізін есеп түрінде меңгеру оқушының ойын белсендіреді, икемділік, жылылық, тереңдік, жинақылық, жүйелік, т.б. тәрізді қажетті қасиеттерді қалыптастырады. Сонымен қатар, есептер математикалық білім, білік дағды жүйесін қалыптастырудың маңызды құралы, ал есеп шығару – оқу және кәсіптік әрекеттің жетекші түрі. Әрбір есептің өзіндік әдістемелік мақсаты да бар.

Оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыру мәселесі бүгінгі таңда біздің мемлекетіміздің білім саласында тұрған басты мәселелердің бірі болып табылады. Себебі кез келген оқушының сабаққа немесе оқуға деген қызығушылығы болмаса, онда оның алған білімі тұрақты болмайды және ол алған білімін болашақта пайдалы бағытта қолдана білмейді. Сондықтан математикалық сауаттылықты қалыптастырудың жолдарын және ерекшеліктерін қарастыра келіп соңғы он шақты жылдың төңірегінде қаншама жұмыстар істеліп жатыр.

Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, қызығушылығы бар адамды мектеп табалдырығынан дайындап шығудың ең бір тиімді тәсілі ол – оқытудағы сабақтастық. Оқытудағы сабақтастық мәселелері оқу процесінде сабақтастық бірізді орындалмай отырғандығын көрсетеді, ал математикалық сауаттылықты қалыптастыруда сабақтастықтың орындалуы туралы айту тіпті ерте сияқты. Сабақтастық мәселесі осы күнге дейін аз айтылып жүрген жоқ.

«Сабақтастық» термині өте кең әлеуметтік диапазонды қамтиды. Ұйымдастыру формасына қарай өткендегіге талдау жасай отырып, осы кездегі немесе болашақтағы жоспар тиімділігін арттырудың бір ізділігі мақсатқа алынады. Білім беру және тәрбиелеу процесінде сабақтастықтың қажеттілігі зор. Педагогикада сабақтастықтың идеясы қалыптасқанға дейін жалпы еңбек іс-әрекетінде бірыңғай талаптарды сақтау және әдіс-тәсілдерді тізбектей меңгеру қарастырылған. «Математика оқыту әдісінде сан алуан жетілдірулері болатындығына қарамастан, шәкірттер үшін әрдайым қиын жұмыс болып қала береді», – деп жазған атақты ғалым Д.И. Писарев. Сондықтан математиканың қиындығына, күрделілігіне қарамастан, болашақ ұрпақты осы пәнге қызықтыру, білім деңгейін көтеру біз үшін орасан зор жауапкершілікті қажет ететін оқыту әдісі болуы тиіс.

Қазіргі ғылым мен мәдениеттің өркендеген кезінде, әсіресе математика ғылымының дамуы барысында оқушыларды қарапайым түсініктерді оқумен бірге өзінің ойын жеткізе білуге, оқыған қарапайым түсініктерді дұрыс тани біліп, қолдана алуға баулудың маңызды айрықша екендігі белгілі. Сондықтан оқушыларды қарапайым түсініктерді біліп қана қоймай, оның қолдану ерекшеліктерін тани алуға, оларды практикалық жұмыстарында қолдана алуға үйрету қажеттігі келіп туады.

#### *Әдебиеттер*

1. *2014–2015 оқу жылында қазақстан республикасының Жалпы орта білім беретін (сонымен бірге инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын) ұйымдарында ғылым Негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат*
2. *Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары*
3. *Краснянская К.А. PISA–2006. Оценка математической грамотности 15-летних учащихся / К.А. Краснянская // Народное образование. – 2008. – №9.*

#### *Развитие математической грамотности школьников*

А.К. Муталипова  
учитель математики, школа-лицей №22 им. С. Торайгырова,  
г. Экибастуз, Казахстан

#### *Аннотация*

Функционально грамотный человек имеет своё место в обществе, соответствует требованиям общества. Тесты на проверку функциональной грамотности впервые были применены в 2014 году в процессе сдачи ВОУД школьниками. В процессе обучения математике учащимся даются задания на развитие творческих способностей.

Ключевые слова: функциональные навыки, социализация, компетенции, математическая грамотность, творческие способности, преемственность.

*The development of mathematical literacy of students*

A.K. Mutalipova  
Math teacher, school-lyceum №22 of S. Toraigyrov,  
Ekibastuz, Kazakhstan

Annotation

A functionally literate person has their place in society, meets the requirements of society. School students first used the tests of functional literacy in 2014 in the process of putting EEEA. In learning mathematics, students are given tasks for development of creative abilities.

Key words: functional skills, socialization, competence, mathematical literacy, creativity, continuity.

УДК 372.851

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТАНЫ ПАЙДАЛАНУ  
ТИІМДІЛІГІ

*А. Н. Рахимжанова, З.А. Адуова*

*№17 ЖОМ қазақ тілі мұғалімдері  
Екібастұз, Қазақстан*

*Аңдатпа*

*Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік. Қазіргі заман талабы бойынша білім берудің ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі. Интерактивті тақтамен орындалатын жаттығулар оқушылардың білімді меңгеруін жеңілдетеді, деректерді есте сақтауға ықпал жасайды.*

*Тірек сөздер: оқыту әдістемесі, оқушы тілін дамыту, коммуникативтік шығармашылық құзірет, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.*

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» қазақстан халқына жолдауындағы бесінші тараудағы алтыншы міндетте – осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, «парасатты экономиканың»

негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту.

Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілуі болып табылады. Қазақ тілін нәтижелі үйрету үшін оның оқыту әдістемесін жетілдіре түсіну – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін маңызды мәселесі.

Міне, заманымыздың тілек-талабы білім мазмұнын жаңартумен бірге, оны өмір мұқтажына орай дамытып, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін қолданудың мүмкіндіктерін арттыруды күн тәртібіне қойып отыр. Осындай мәні мен маңызы зор өзекті мәселелердің бірі – оқушы тілін дамыту процесі. Себебі оқушылардың берілген білімді (оқу тапсырмалары, үйретілген ережелер) саналы түрде ұғынып, ойының дәлдегі, өмірге көзқарасының қалыптасуы, өз бетінше білім алуға дайындығы, басқа ғылым негіздерін меңгеру нәтижелері ана тілінде сөйлеу деңгейіне байланысты. Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз деген. Сонымен қатар осы жолдаудағы жиырма алтыншы бағытта – Қазақстан халықтарының рухани дамуы және үштұғырлы тіл саясаты айтылған.

Осы елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жолдауындағы айтылған мәселелерге баса назар аудару қазіргі мұғалімдердің міндеті болып табылады. Жаңа заманда жаңаша оқыту, оқушыға сапалы білім, саналы тәрбие беру ол ұстаздардың борышы. Әсіресе оқушылардың жазбаша тілін дамытуын жүзеге асыруға көп көңіл бөліп, әр мұғалім өз сабағына күнделікті дайындалып, ізденіп, өз ісіне жауапкершілікпен қарауы жөн [1].

Қазіргі заман талабы бойынша білім берудің ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі – оқу үдерісіне мультимедиалық технологиялар мен коммуникативтік интерактивті әдістемелердің үйлесімді байланысы негізінде жасалған, оқыту және тексеру электрондық бағдарламаларды, оқулықтарды енгізу.

Оқушылардың жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, коммуникативтік шығармашылық құзыретін дамыту. Оқушының тілдік қорын дамыту, іс жүзінде ауызша сөйлей білуге үйрету.

1. Қазақ тілін оқыту әдістемесін әлемдік ақпараттық білім кеңістігінің деңгейіне көтерудің тиімді жолы – білім беру саласын толықтай ақпараттандыру.

2. Мемлекеттік тілді оқытуда – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оңтайлы пайдалану.

XXI ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Тәуелсіз Қазақстан да сол ғасырға нық қадам басты. Еліміздегі барлық білім ошақтары компьютер және интерактивті тақтамен жабдықталуда. Қазіргі заманғы, ғылыми-техни-

калық үдерістің қарқыны күннен-күнге өсуде. Сонымен қатар, білім беру жүйесінің алдына да жаңа міндеттер жүктелуде. Білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияны практикада меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа ақпараттық технологияны меңгеру мұғалімнің білімін шыңдап қана қоймай, интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және тағы басқа көптеген адами келбетін қалыптастыруына ықпал жасайды [2].

Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс тәсілдерімен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны пайдалану әдісі зор рөл атқарады. Мектеп пәндерін оқыту процесінде интерактивті тақтаны пайдалану мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы жүйесін, олардың білімге деген қызығушылығының, ізденушілікке деген ынтасының, сезімінің өсуіне әсер етеді [3]. Сондықтан білім берудегі барлық оңды өзгерістер педагогтың жаңаша ойлау тәсілімен, жаңа шығармашылық іс-әрекеттерімен, ізденушілігіне байланысты.

Сабақ үстінде оқушының жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызу, сабақтың тақырыбына сай нақтылы міндет қоя білу – ол әрбір мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Өйткені оқушыларды терең әрі жинақты біліммен қаруландыру, олардың шығармашылық қабілетін, қызығушылық талғамын дамыту, өз бетінше білімін толықтандыруға дағдыландыру сияқты күрделі жұмыстар сабақ барысында қалыптасады. Бұл әрбір мұғалімді ойландырып, жаңаша жұмыс істеуге, жаңа ізденістерге жетелейді. Әрбір мұғалімнің негізгі алға қойған міндеті – шәкірттерінің ой-өрісін кеңейтуге, биік адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру. Осылардың барлығы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дәстүрлі әдістемеге қарағандағы артықшылықтарын пайдалану арқылы тіл үйренушінің білім сапасының артуына, қатысымдық құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал етеді. Тілдік білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану тіл үйренушілерді әлемдік мәдени құндылықтарға, ақпараттық ресурстарға жақындатып алып келеді, шынайы мәдени аралық коммуникацияға жағдай жасайды [4].

Бұл технологияның тіл үйретудегі мүмкіндіктері ғылыми-теориялық тұрғыдан жан-жақты дәлелденген, тек практикалық тұрғыдан жүзеге асыруға мамандардың дайындығы арта түсуі қажет. Алдағы уақытта жоғары талаптарға жауап беретін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың түрлері арта беретіні сөзсіз.

Сондықтан қазақ тілін оқыту-үйрету үдерісінде бұл технологияларды ұтымды қолдану үшін оқытушылардың өз кәсіби шеберліктерін, ақпараттық-технологиялық құзыреттілігін үнемі дамытып отыруы талап етіледі.

Сабақта интерактивті тақтаны дұрыс пайдалану мазмұнды ұғымдардың қалыптасуына көмектеседі, оқушылардың логикалық ойлау және сөйлеу қабілетін дамытуға, нақтылы құбылыстарды қарастыру және талдау негізінде, кейін практикада қолданылатын тұжырымдарға келулеріне көмектеседі.

Сонымен, оқуда интерактивті тақтаны пайдалану арқылы оқушылардың білімі нанымды болады. Сонымен қатар интерактивті тақтамен орындалатын жаттығулар оқушылардың білімді меңгеруін жеңілдетеді, деректерді есте сақтауға ықпал жасайды.

Интерактивті тақтада орындалатын тапсырмалар бір мақсатқа бағытталған, өзара байланысты әрекеттердің тұтастығын көрсетеді. Ол әрекеттер тілдік және ой операциясының күрделенуіне байланысты болады.

Оқу тапсырмаларының негізінен, жазба түрде орындалуын қажет ететін логикалық тілдік жаттығулардың арқалайтын «жүгі» салмақты, өйткені бұл жаттығулар арқылы оқушы қазақ тілі тақырыптарын грамматикалық ерекшелігін танудың нық әрі сенімді баспалдағын қалайды және оқушы үшін маңызды болып табылатын жазу, орфография ережелерін меңгереді.

Қазіргі кезде сабаққа дайындалу барысында мұғалім сабақ мазмұны оқушылар үшін танымдылығы жағынан қызықты әрі жаңаша өтуі үшін өзінің бағалы уақытын қажетті материалды іздеу мен жүйелеуге жұмсайды. Ал жеке-леген курс бойынша мәселелік – бағдарлы оқу бағдарламалары пакетінің болуы мұғалімге «мұғалім – оқушы» жүйесінде ақпаратты беруді, өңдеуді және қайталауды жаңаша ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Бірақ мұның барлығы жүзеге асуы үшін, мұғалім компьютерлік оқыту технологиясы бойынша білімдер мен іскерліктерді игеруі қажет. Бұл дайындық дифференциалдық болуы тиіс. Себебі әрбір пән мұғалімдері үшін компьютерді оқыту үрдісінде пайдалану, әр түрлі сипатқа ие [5].

Қазіргі таңда компьютер өмірдің барлық саласына кеңінен енуде. Білім берудің ақпараттандыру процесі пән мұғалімдеріне жаңа ақпараттық технологияны жан-жақты пайдалану саласына үлкен талап қояды. Өз іс-тәжірибемде интерактивті құрылғылардың барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық даралығын қалыптастыру үшін сабақта төмендегі іс-шаралардың қолданудың маңызының зор екенін байқадым.

1. Оқушының дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалдарды меңгеруге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту процесіне интерактивті құрылғылардың мүмкіндіктерін пайдалану.

2. Оқытудың жаңа әдістері мен формаларын (проблемалық, ұйымдастырушылық іс-әрекетін компьютерлік ойындар және т.б.) сабақта жиі қолдану.



3. Проблемалық зерттеу, аналитикалық және модельдеу әдімдерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру.

4. Жаңа ақпараттық технология құралдыран пайдалану арқылы оқу процесінің материалдық-техникалық базасын жетілдіру.

Компьютер және интерактивті құралдар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстармен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашу керек. Бүгінге таңдағы ақпараттық қоғам аймағында, оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологияларды ғана тиімді деп санауға болады.

Интерактивті құралдар оқыту формасын ұйымдастыруды түрлендіруге, дәстүрлі оқыту әдістеріне жаңа элементтер енгізуге мүмкіншіліктер жасайды. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады [2].

Интерактивтік тақта арқылы дидактикалық материалдармен қоса неше түрлі дыбыстарды оқушаларға естіртуге болады, мысалы: құстардың үнін, судың дыбысын т.б. Сонымен қатар айта кетерлік мұғалім ғана емес оқушыда тақтаны қолдана алады, мысалы айтқанда, заттарды үлкейту немесе, керісінше, кішірейту, бір затты биік немесе аласа түрін көрсету, тақтада мұғалім арқылы дайындалған тапсырмаларды орындау [5].

Сабақта интерактивті тақтаны қолдану оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыруға ықпалын тигізеді.

Өз тәжірибемізде сабақты тартымды және динамикалы түрде жеткізу үшін интерактивті тақтаны пайдаланамын. Осы орайда интерактивті тақтамен өткізген қазақ әдебиет пәні бойынша «Мақалды жалғастыр» ойынын сіздерге үлгі ретінде көрсетіп кетсеміз:

«Мақалды жалғастыр» ойынын интерактивті түрде өткізу оқушылардың мақалдарды есте сақтап қалу қабілетін күшейтеді. Мысал ретінде мына мақалдарды алуға болады.

Өнер алды – .....

Көп түкірсе .....

Елдің көзі .....

Ер қанаты .....

Керекті сөздер: ақ тіл, қызыл тіл, өзен, көл, жүз елу, елу, ат, көлік. Осы мақалдарды ребус түрінде де беруге болады.

Күнделікті сабақты таңқаларлықтай өткізу бұрын-соңды болмаған ойын түрлерін қолдану, сөзжұмбақ, ребустар пайдалану, проблемалықпен оқыту,

өмірмен ұштастыру, әрбір оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасау болып табылады.

#### *Әдебиеттер*

1. <http://www.izden.kz/kurstyk-zhumys/pedagogika/33> Ғылыми жұмыстар жинағы. © izden.kz
2. *Ашық сабақтар сайты.*
3. *Ustaz.kz сайты.*
4. *45-minut. Сайты.*
5. *Жантелова К. Қазақ тілін ақпараттық технологиялар жүйесімен үйрету / К. Жантелова // Қазақстан мектебі. – 2013. – №3. – 21 б.*
6. *Нұрмағамбетова Ә.М. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу үрдісінде пайдалану / Ә.М. Нұрмағамбетова // Педагогикалық альманах. – 2010. – №3-4. – 64 б.*

#### *Эффективность применения интерактивной доски на уроке казахского языка*

А.Н. Рахимжанова, З.А. Адуова  
учителя казахского языка СОШ №17,  
г. Экибастуз, Казахстан

#### *Аннотация*

Главный измеритель реформы образования – эффективные знания. В настоящее время одним из требований общества является информатизация образования. Упражнения, выполняемые на интерактивной доске, облегчают усвоение знаний учащимися, а также влияют на запоминание информации.

Ключевые слова: методика обучения, развитие речи школьника, коммуникативная творческая компетентность, информационно-коммуникационные технологии.

#### *The efficacy of using interactive whiteboard on the lesson on Kazakh language*

A.N. Rakhimzhanova, Z.A. Aduova  
Teacher of Kazakh language of secondary school №17 in Ekibastuz, Kazakhstan

#### *Summary*

The primary measure of education reform – effective knowledge. Currently one of the requirements of the society is the informatization of education. Exercises performed on the interactive whiteboard facilitates the assimilation of knowledge by students, but also affect the memorization of information.

Keywords: teaching methodology, speech development of a student, communicative and creative competence, information and communication technologies.

УДК 81'1=(512.122)

## ТІЛДІК ҚАРЫМ – ҚАТЫНАСТЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫН АЙҚЫНДАУ

***А.Ш. Тлеулесова***

*педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,  
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты,  
Павлодар, Қазақстан*

***А.Н. Ақжан***

*психология және спорт кафедрасының студенті,  
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты,  
Павлодар, Қазақстан*

*Аңдатпа*

*Ұсынылып отырған мақалада тілдік қарым-қатынастың мәні мен маңызын айқындау жолдары сипатталған.*

*Тірек сөздер: тіл, қарым-қатынас, сөйлесім, айқындау.*

Ғасырлар бойы бостандықты, елдікті аңсаған еліміздің қолы тәуелсіздікке жеткелі бері мемлекеттік тілде ұлтымыздың сана-сезіміне, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына сай келетін, яғни ұлттық рухын жоғары көтеретін мәселесі тіл білімі саласында ғана емес, ғылымның барлық саласында күн тәртібіндегі айрықша маңызға ие болды.

Қарым-қатынастың түрлері көп. Тілдік қатынасы – тіл арқылы байланыс, сөйлеу тілі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы; қоғамдық, ұлттық тіл арқылы ұғынысу, түсінісу, яғни адамзаттың тіл арқылы қатынасқа түсуі тілдік қатынас дегенді білдіреді.

Бұл жерде сөйлеу тілі деген тіркесі ерекше бөліп айтуға тура келеді. Өйткені ол ауыз екі сөйлеу деген мағынаны емес, жалпы адамзаттың сөйлесу құралы, сөйлеу құралдарының қызметі, адамның тілі, адамның тілдік қатынас құралы деген қоғамдық-әлеуметтік мәні бар ұғымды жеткізуі тиіс. Сондықтан осындай нақтылы ұғымды білдіру үшін, біз сөйлесім тілі деген тіркесті қолданамыз. Себебі «сөйлесім», «сөйлеу», түбірі арқылы жасала келіп, сөйлеу процесінің тек адамның ойын жарыққа шығару қасиетін білдіретіндіктен, көбінесе біржақты әрекет ретінде қабылданады. Ал «сөйлесім» «сөйлеу» түбіріне ортақ етістің «с» жұрнағы қосылу арқылы жасала келіп, бір-бірімен тілдік қарым-қатынас нәтижесінде іске асатын

ортақ құбылысты көрсетеді. Тілдік қатынас жүзеге асу үшін, айтылған не жазылған хабардың қабылданып, оған жауап қайтарылуы, яғни істің ортақ атқарылуы – басты шарт. «Сөйлесім» – осы басты шартты және ортақ тілдік әрекетті аңғартатын сөз.

Тілдік қатынас /ТҚ/ – сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсінісу дегенді нақтылай келіп, жай ғана қарым-қатынас дегеннен гөрі тамыры тереңге кеткен, өмірде өзіндік орны бар, қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы дегенді білдіреді.

Жалпы адамдардың қарым-қатынасына қатысты әрекеттер екі үлкен тармақтан тұрады. Оның бірі – тілдік қатынас, екіншісі – тілсіз қатынас.

Тілдік қатынас пен тілсіз қатынастың ұқсастықтары да, айырмашылықтары да бар. Бұл қатынастардың сәйкес жақтары: олардың екеуі де, біріншіден, адамдардың бір-бірімен байланысын қамтамасыз етеді, яғни адамдар арасындағы қатынасқа қызмет етеді.

Тілдік қатынас – тілсіз қатынастан әлдеқайда күрделі және бөлек. Сондықтан да тіл білімі – адамдардың қарым-қатынас құралы тіл туралы және сол қарым-қатынасқа негіз болатын тілдік қатынас туралы ғылым.

Лингвистикадағы тілдік қатынас мәселесін жан-жақты қарастырып, белгілі бір тұжырымға келген автордың бірі – Э.П. Шубин. шет тілдерін оқытудың қағидалары мен әдістемелерін сөз ете отырып, жалпы тілдік қатынастың құрамын, олардың атқаратын қызметін, оқытудың мақсаты мен мазмұнын, тілдік құралдары анықтауға тырысады. Оның бұл проблемаға қатысты өзіндік пікірлері бар. Ол көзқарастардың ұғымды жақтары да, субъективтік жақтары да кездеседі.

Ерекше орын алатын тілдік қатынастың негізгі мазмұны, мәні, мағынасы болып табылатын – хабарды іс жүзіне асырушылар, хабарға тікелей қатысушылар. Олар мынадай құрамнан тұрады:

Белгілі бір ақпаратты, деректі хабарлайтын – Баяншы.

Ақпаратты жеткізетін – Тұлғалар

Ақпаратты не деректі – Қабылдаушы.

Тілді зерттеуші ғалымдар тілдік қатынас құбылысына байланысты үш кезеңді атап өтеді, олар мыналар:

Хабардың дұрыс айтылуы, шығуы. Мұнда синтаксистік заңдылықтар, яғни грамматикалық единицалардың айтылуы, дыбысталуы ерекше көзге түседі. Айтылуға тиісті мағынаның дұрыс жеткізілуі, айтылар ой мен айтылған тілдік құралдың тепе-теңдігі. Мұнда семантикалық заңдылықтар басым роль атқарады. Үшінші әңгімелесуші – екінші адамның хабарды дұрыс қабылдауы. Е.И. Пассов осы үш кезеңді баяндай келіп, тілдік қатынастың толық жүзеге асуы үшін ең бас-

тысы – үшінші кезең, алдыңғы екі кезең қарым-қатынасты іске асырмайды, бірақ, өкінішке орай, тілдік қатынаста біз осы үшінші кезеңге жете бермейміз, яғни қарым-қатынаста бірінші және екінші кезеңдерде тоқтап қалып қоямыз деп көрсетеді.

Біздің пікірімізше, тілдік қатынас жалпы адамзат арасындағы ойға, санаға қатысты болса, ол, ең алдымен, сыртқы объективтік шындықты қабылдаудан, жеткізейін деген хабарды пайымдаудан туады.

Тілдік қатынастың басты белгілері мен түрлерін ажыратып алған соң, оның құрамдық бөліктерін саралаған жөн.

Біздің ойымызша, тілдік қатынастың негізгі құрамы төмендегідей болып жіктеледі:

1. Тілдік қатынасты іс жүзіне асырушылар.
2. Тілдік байланысқа қатысушылардың қызметі.
3. Сөйлеу мүшелерінің бірлігі.
4. Қатысымдық тұлғалардың жиынтығы.

Тілдік қатынасты іс жүзіне асырушылардың қатарына Баяншы.

#### *Әдебиеттер*

1. Айгабылов А. *Лексиканы оқыту методикасы және оны? Қазіргі міндеті / А. Айгабылов. – Алматы: Мектеп, 1982.*
2. Аймауытов Ж. *Тіл туралы / Ж. Аймауытов // Еңбекші казак. – 1926. – 9 наурыз.*
3. Аймауытов Ж. *Комплекспен оқыту жолдары / Ж. Аймауытов. – Қазмембас, 1929.*
4. Аманжолов С. *Қазақ тілінің грамматикасы. II-бөлім. Синтаксис / С. Аманжолов, Н. Сауранбаев. – Алматы, 1939.*
5. Арғынов Х. *Қазақ тілі синтаксисі методикасының негіздері / Х. Арғынов. – Алматы: Мектеп, 1969.*

#### ***Определить ценность и важность языкового общения***

А.Ш. Тлеулесова

кандидат педагогических наук, доцент,

Павлодарский государственный педагогический институт, Павлодар, Казахстан

А.Н. Акжан

студент ПМНО-31, Павлодарский государственный педагогический институт,

г. Павлодар, Казахстан

#### Аннотация

В предлагаемой статье описываются пути определения ценности и важности языкового общения.

Ключевые слова: язык, языковое общение, речь, определение.

***Determine the value and importance of linguistic communication***

A.Sh. Tleulesova  
Candidate of Sciences in pedagogy, associate professor  
of the Pavlodar state pedagogical institute, Pavlodar, Kazakhstan

A.N. Akzhan  
student, Pavlodar state pedagogical institute, Pavlodar, Kazakhstan

**Summary**

This article describes ways to determine the value and importance of linguistic communication

Keywords: language, linguistic communication, speech, definition.

УДК 37.031.1(574)

**ACTUAL PROBLEMS OF ECONOMIC EFFECTIVENESS OF TECHNICAL  
AND PROFESSIONAL EDUCATION IN COUNTRIES OF KAZAKHSTAN**

***N.A. Alpysbay***

***Senior Lecturer, PhD in Economic Science  
Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar, Kazakhstan***

***A.A. Adieva***

***Professor, Doctor of Economic Sciences  
International University of Kyrgyzstan, Bishkek, Kyrgyz Republic***

**Summary**

*Examines the analysis of the role and importance of the system of technical and vocational education at the present stage as the factor of increase of labor productivity, theoretical approaches to the differentiation of the economic categories of the effectiveness and efficiency of technical and vocational education. Development trends in the Republic of Kazakhstan in the light of the strategic programs for the development of education, the model of the regional management system of technical and vocational education in the aspect of the new approaches to the assessment of the quality of education.*

*Keywords: Economic efficiency, the need of labor, industrial economy, technical and vocational education, the system of management.*

In the new political and economic and sociocultural realities, determined by the outlines with one or another success of being formed post-industrial society, essentially changes not only nature of work, requirements, presented to the subject of work, but also all system of the labor relations. In this context one of the most important institutes of modern economy is the labor market. And such tendency is especially sharply shown both during social and economic transformation, and in the conditions of the global economic crisis, being accompanied by falling of production and, as a result – increase in unemployment, falling of a standard of living of the population, strengthening of social tension.

These fundamentally new conditions make other demands to training specialists at all levels of professional education. This tendency is clearly marked in the Concept of development of the Kazakhstan education till 2015, in which one of the key ideas is an idea about necessity of formation of new quality of the Kazakhstan education and especially technical and professional education, which «needs to provide advancing development» that, certainly, plays a large role in the solution of a strategic task – entry of Kazakhstan into number of fifty most competitive states.

Told hereinabove – the evidence of necessity of transformation of all education system (especially technical and professional) taking into account not only the concrete historical realities, caused by formation of market system, but also taking into account the hereinabove universal tendency of transition to the information society with all its inconsistent consequences. Meanwhile describe the priorities and formation of mechanisms, in a certain degree facilitate to supply of all educational system with possibility not only to progressive and to develop and to function, but also to reach economic efficiency, are problems of primary importance.

It is caused by, that now with special distinctness developed the problem of inequality of offers' structure on the labor market to the demand's structure. And this contradiction has not only the qualitative character connected with new requirements, shown to workers in the market conditions, but also functional trade, connected with divergence of life cycles of the goods circulating on the labor market and on the market of educational services.

In the light of it, achievement of technical and professional balance systems of education with personnel requirement of all sectors of economy is one of the main conditions of potential economic growth of the country, therefore increase of its economic efficiency presents an actual task.

Thus, studying, generalization and specification of theoretical approaches to the process of development of technical and professional educational systems, and also disposal of disproportions in its equivalence to requirements of a modern labor market, as

bases of economic efficiency of all educational system, are rather being actual and take a priority place in the structure of social and economic researches.

All this defines currency and a choice of a subject of research.

Theoretical and scientific methodical works according to these problems have rather general development in economical and special branch of literature. In formation of the theory of the human capital and the educational role in economic development made a powerful holdings T. Schultz, G. Becker, E. Denison, P. Druker, J. Stiglitz. Fundamental aspects of the development (progress) of the theory human's capital developed further in works of Russian and Kazakhstan's scholars: N. Goffe, B. Damitov, S.A. Dyatlov, N.K. Mamyrov, V. Mel'yantzev, I.G. Teleshov, N. Rimashevskaya, Y.K. Shokomanov, A. Mukhamedzhanova, Shetinin I. and etc.

To the questions of the prediction of economic requirements in specialists, including in regional aspect, devoted researches of O.S. Sabden, S.Y. Alashev, N. Vasil'chenko, V. Gurtov, E.A. Pituhin, G. Shafranov-Kutzev and etc.

The questions of function and development of the education market are reflected in the works of S.A. Abdymanapov, R.A. Alshanov, A. Alimbaeva, A.G. Akchurin, T.A. Sadykov, T.A. Saginov, K.A. Saginov, O.V. Semenyak, G.N. Srailova, K.A. Tazabekov, M.F. Tuseeva, L.A. Frezorger, L.I. Kashuk, E.S. Abel'dinov.

Directly the development of technical and vocational education in the market terms are considered in the works of B.A. Abdykarimov, E.N. Sagindikov, G.I. Lukin, E.M. Aryn, A.Z. Dadashev.

The spectrum of considerable aspects of vital activity of the education system by researchers named before is characterized by breadth range of issues – from the problems of formation and development of the education system to the observance of the special social-economic mission.

Despite of the received theoretical and empirical results in the sphere of reforming educational sphere required better understanding the problem of increasing the economic efficiency of technical and vocational education, manifested in the imbalance of professionally qualified structure of the production in the institutions of technical and vocational education with the requirements of the labour market.

Consequently, in the aftermath of economic restructuring in a situation of imbalance between demand and supply in the labour market the essential factors to solve these problems is a reorientation of the technical and vocational education on the requirements of the market through the development of flexible management systems of the sphere and transformation working strength from target charges its professionally-qualified structure.

Thus, the issues raised in our work are relevant and deserved further theoretical and practical researching.



*References*

1. Denison E. *The researches of differences in rates of economic growth* / E. Denison. – M.: Progress, 1971. – 645 p.
2. Becker G.S. *Human capital. A theoretical and empirical analysis with special reference to education, 3 edition* / G.S. Becker. – Chicago: the University of Chicago press, 1993.
3. Stiglitz J. *Diverse tools, broader aims: Going to the Post-Washington Consensus* / J. Stiglitz // *Problems of Economics*. – 1998. – №8.
4. *Education and economic growth: comparative analysis* [www.school.edu.ru/news.asp?ob\\_no=24792](http://www.school.edu.ru/news.asp?ob_no=24792)
5. Alpysbai N. *Economic efficiency of technical and vocational education*. – Magazine *News of higher educational institutions*. «Sociology. Economics. Politics.» TSsU. Tyumen (Russia). 2012. – P. 73–77.
6. Alpysbai N. «Ways of increasing economic efficiency of education» *Materials of international scientific-practical conference of young scientists «Urgent problems of science and education in the globalizing world»* / N. Alpysbai. – Pavlodar: PSPI, 2013.

***Қазақстан аумақтарында техникалық және кәсіптік білім беруді экономикалық тиімділігінің өзекті мәселелері***

Н.А. Алпысбай

Экономика кафедрасының аға оқытушысы, PhD,

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ., Қазақстан

А.А. Адиева

Экономика ғылымдарының докторы, профессор,

Қырғызстан халықаралық университет, Бишкек қ., Қырғызстан

***Аңдатпа***

Бұл мақалада жас мемлекеттің еңбек ресурстары әсер ететін мағынасы ашылады, дайын кадрлардың ұсынысы мен сұранысы келуінің және өндіріске рас қажетті тауарлар, білім берудің тәуелсіз мемлекеттің дамуына ролі жайында айтылған.

Тірек сөздер: еңбек ресурстарының әсері, өнеркәсіп, ұсынысы мен сұранысы, білім беру.

***Актуальные проблемы экономической эффективности технического и профессионального образования в регионах Казахстана***

Н.А. Алпысбай

старший преподаватель, PhD по экономике, Павлодарский государственный

педагогический институт, Павлодар, Республика Казахстан

А.А. Адиева

профессор, доктор экономических наук, Международный университет Кыргызстана,

Бишкек, Кыргызская Республика

## Аннотация

В данной статье раскрываются значимость трудовых ресурсов для молодого государства, истинные потребности промышленности и соответствие спроса и предложения готовых кадров, и роль образования в становлении независимого государства.

Ключевые слова: значимость трудовых ресурсов, промышленность, соответствие спроса, роль образования.

УДК 372.878

ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ОЛАРДЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ  
САБАҒЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Ж.А. Шитенова**

*Солнечный қ. №16 ЖОББМ, қазақ тілі мұғалімі  
Екібастұз, Қазақстан*

*Аңдатпа*

*12 жылдық мектепте құзыреттілік тәсіл жаңа тәсіл болып табылады. 12 жылдық білімге көшу қазіргі мұғалімнен объективті жаңа нәтижемен сипатталатын ойлау қабілетін қажет етеді. Мектеп оқушысының нақты мүмкіншілігі мен шығармашылығын танып білу және оның құзыреттілігін оқу тапсырмалары арқылы қалыптастыруға жағдай жасау болып табылады.*

*Тірек сөздер: 12 жылдық мектеп, шығармашылық, құзыреттілік, ақпараттық технологиялар, жеке тұлға, танымдық құзыреттілік.*

Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет. Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Сіздер біздің саясатымыз туралы – 2025 жылға қарай қазақстандықтардың 95 пайызы қазақ тілін білуге тиіс екендігін білесіздер. Бұл үшін қазір барлық жағдай жасалған. Қазірдің өзінде еліміздегі оқушылардың 60 пайыздан астамы мемлекеттік тілде оқиды. Мемлекеттік тіл барлық мектептерде оқытылады. Бұл – егер бала биыл мектепке барса, енді он-он екі жылдан соң жаппай қазақша білетін қазақстандықтардың жаңа ұрпағы қалыптасады деген сөз.», – деп атап көрсеткен болатын [1].

Сонымен қатар ҚР «Білім туралы» Заңында барлық білім беру ұйымдарының білім алушылары мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білуі атап көрсетілген [2].

Бүгінгі білім жүйесінің белсенді азаматтық ұстанымы бар, шығармашылық тұрғыдан ойлауға, өмір бойы білім алуға дайын жеке тұлғаны тәрбиелеу басты міндеті. Осыған орай, мемлекетіміз мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде

нақты міндет қойды. Аталған міндет Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруі процесінде де маңызды болып табылады. Білім беру нәтижелеріне табысты қол жеткізуді, алған білімін оқу және практикалық қызметте пайдалана алуын қамтамасыз ететін логикалық, конструктивті және сыни тұрғыда ойлау негіздерін қалыптастыру үшін оқытудың тиімді нысандары мен әдістері енгізілетін болады. Мұғалімдердің оқытудың инновациялық әдістерін, қазіргі заманғы білім беру және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайлануы қолдау табатын болады. Интерактивті, инновациялық, жобалық-зерттеу технологияларын, сандық инфрақұрылымдарды пайдалана отырып, сынып ұжымын жаппай оқыту нысанынан әрбір білім алушының жеке білім беру аймағын іске асыруға ауысу қамтамасыз етілетін болады [3].

Қазақстанда мемлекеттік тілдің дамуына зор көңіл бөлініп, қазіргі заманғы білім беру жүйесі, оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына және кәсіби құзыреттілігіне жоғары талаптар қойып отырғандығы атап көрсетілген [4].

Қазіргі дидактикада әлеуметтік, педагогикалық-психологиялық оқыту әдістерінің екі түрлі тобы бар: дәстүрлі оқыту және белсенді (активті) оқыту әдістері. Бұлар ең алдымен, бір-бірінен алдына қоятын мақсаттарына қарай ажыратылады.

Интерактивті және дәстүрлі оқыту әдістері ретінде бөлу тек шартты түрде болуы қажет. Өйткені дәстүрлі әдістер де оқыту үдерісінде белсенділікті қолдануы тиіс. Дегенмен дәстүрлі әдістер ең алдымен, білімнің белгілі бір қорын жеткізу және практикалық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бұлар білім алушыларға үлгі ретінде дайын шешімдерді ұсынудан тұрады.

Білім алушылардың дербес ойлауы мен тұтқиылдан, төтенше кәсіби тапсырмаларды маман ретінде шеше алу қабілетін дамытуға бағытталған оқыту түрін активті оқыту әдістері (латын тілінен *aktivus* – әрекетшіл, іскер) деп атайды. Активті оқытудың мақсаты – кәсіби тапсырмаларды шеше алуды білу, білік-дағдылар ғана емес, сонымен қатар, сараптау, ойлай білу, өз әрекетін бағдарлай алу іскерліктері болып табылады. Интерактивтік оқыту технологиясының негізгілеріне және кең тарағанына төмендегілер жатады: жұптасып жұмыс жасау; ротациялық (ауыспалы) үштік; карусель; шағын топтармен жұмыс; рөлдік (іскерлік) ойын; дискуссия.

Дәстүрлі оқыту түріне де, интерактивті оқуда да ойын әдістері қолданылады. Ойын әдісі оқу және кәсіби іс-әрекетті соның үлгісінде жасауға негізделген топтық оқыту әдістерінің түрі ретінде алға шығады.

Ойын әдісі оқытудың маңызды түрлерінің бірі болып табылады. Әсіресе, тіл меңгертуде ойын әдісінің орны ерекше. Біз осы ойын әдістеріне сипаттама береміз.

Рөлдік ойындар оқу және кәсіби тапсырмаларды шешу үдерісінде әлеуметтік рөлдердің үлгілерін жасауға негізделіп ұйымдастырылады. Рөлдік ойындар

білім алушыға әлеуметтік қатынастағы тілді меңгеру үшін оңтайлы жағдайды қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта іскерлік ойындардың алуан түрі, анықтамасы және жіктемелері (классификациясы) бар деп айтуға болады [5]. Қоғамдағы әлеуметтік-өндірістік іс-әрекет нормаларын және іскерлік жағдаяттарды оңтайлы шешу жолдарын іздестіру мақсатында маманның кәсіби әрекетінің заттық және әлеуметтік мазмұнының үлгілерін жасау формасын іскерлік ойындар (ІО) деп атайды. Яғни, іскерлік ойын дегеніміз белгілі бір ұйымның және басқарушы мамандардың іс-әрекетін қайталау, сондай-ақ, басқару жүйесін ойын түрінде үлгілендіру.

Іскерлік ойын сценариінде нысанның сипаттамасы, жүргізу тәртібі, қатысушылар құрамы, іс-әрекеттің үлгісі бойынша жасалынатын лауазымдар көрсетіледі. Сонымен қатар, қатысушылардың тізімі, олардың рөлдері, бастапқы ақпарат, ақпаратты өңдеуге және тиісті шешім қабылдауға дайындық жасауға қажетті анықтамалық материалдар мен кестелер ұсынылады. Ұсынылатын материалда ойын ережелері мен әдістемелік нұсқаулар және қорытынды шығаруы сипатталады.

Оқытудың дискуссиялық (пікірталастық) әдістері ұйымдасқан коммуникацияға негізделген оқу-кәсіби тапсырмаларды шешу барысындағы топтық оқыту. Топтық пікірталас – оның мақсатын жылдам әрі жемісті шешу үшін бірлескен коммуникацияны ұйымдастыру әдісі болып табылады.

Оқыту әдістерінің ішінде дөңгелек үстел топтық пікірталастың бір түрі, әрі оқыту әдісінің тиімді тәсілдерінің бірі ретінде алға шығады. Әдетте, дөңгелек үстелге маңызы жоғары тақырыптық мәселелер ұсынылып, бұл мәселе бойынша жетекші мамандар қатыстырылады.

Топта туындаған жағдаяттардың барлығында және кез-келген тақырыптық және мәселелік аймақтарда қолдануға болатындығы интерактивті ойындардың артықшылығы болып табылады. Интерактивті ойындар арқылы кез-келген дара және кәсіби мінез-құлық тәсілдерін, атап айтар болсақ, коммуникативтік дағдыларды, байқампаздықты, өзінің және басқаның сезімдерін саралай алу қабілеттерін, сонымен бірге, шығармашылық қабілеттер мен қиялды жақсартып, дамытуға болады. Интерактивті ойындар топты жетелеу, шешім қабылдау үдерісінде, рөлдік мінез-құлықты, шиеленісті шешуде, ынтымақтастыққа, биліктік-мәртебелік қатынастарға және т.б. оқыту үшін қолданылады.

Интерактивті оқыту әдістері – бұл ұжымдық, өзіндік толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу үдерісіне білім алушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқытуды ұйымдастыру болып табылады.

Оқытудың интерактивті әдістерін пайдаланудың тиімділігін бірнеше арнада түсіндіруге болады.

Біріншіден, бүгінгі күнгі ерекшеліктердің, тіпті проблемалардың бірі ақпараттың «ақылға сыймайтын шамадан тыс, игеруде адамның биологиялық мүмкіншіліктерінен артық» мөлшерде дамуы. Сондықтан оқыту қысқа мерзімде ақпараттың көлемді бөлігін тиімді түрде ұсынатын, сол ақпаратты жоғарғы деңгейде игерте алатын және тәжірибеде бекіте алатын әдістерді қолдануды талап етеді. Бұл талап білім саласында тұлғалық дамуды оқытудың негізі ретінде қарастырады. Сонымен қатар, айтылып отырған ұстаным білім игеру үдерісіне қатысушылардың (үйренуші мен үйретуші) бұрынғы авторитарлық-коммуникативтік қарым-қатынасын гуманитарлық-коммуникативтікке өзгертіп отыр. Егер кешегі күні таным процесін біз «білім беру», «оқыту», «үйрету» деп түсінетін болсақ, бүгінде бізге бұл түсініктерді «білім алу/игеру», «оқу», «үйрену» деп өзгерту қажеттілігі туындайды.

Интерактивті оқыту білім игеру үдерісін келесідей ұйымдастыруды қамтамасыз етеді: барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау; әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғауына мүмкіндік жасау.

Жалпы алғанда, интерактивті оқыту бірлесе үйрену идеяларын ұстанады. Бірлесе үйренуде әрбір үйренуші танымның (оқу, үйренудің) ортақ мағынасына және аяққы нәтижесіне өз үлесін қосып, басқалармен өзінің білгенімен, идеяларымен, ойларымен алмаса отырып, тиімді нәтижеге (білімге) қандай бірлескен оқу әрекеттері арқылы жете алатындығын анықтайды. Бұндай қарым-қатынастағы бірлескен әрекеттер бірін-бірі жақтыру, өзара сыйласымдық пен қолдау атмосферасында өтіп, тек ғана жаңа білім игеруге жағдай жасап қоймайды. Сонымен қатар таным процесін өзара ынтымақтастық пен бірлесу деңгейлеріне көтереді, яғни қарым-қатынас пен оның негізгі нысаны диалогты танымның басты құндылығына айналдырады.

Үшіншіден, интерактивті оқыту диалогтық қатынасқа негізделеді. Осы орайда, диалог өз кезегінде өзара түсіністікке, бірлескен әрекеттерге, таным процесінде туындаған мәселелер мен қиындықтарды бірлесе шешуге алып келеді. Интерактивті оқуда білім алушылар келесідей білім, білік, дағды, құзырлық, машықтарға үйренеді:

– терең ойлануға;

– ақпаратты өздігімен түсініп, оны таразылап, екшелеп, оның ішінен керектісін таңдап алуға;

Өз кезегінде бірлескен жұмыс әдістері өзін-өзі және басқа адамдарды танудың бірден бір құралы болып табылады. Олар тұлғаның дүниетанымын

қалыптастырып, оның өзіндік дамуы мен басқалардың іс-әрекеттері мен олардың себептерін түсінуге ықпал жасайды.

Қорытындылай келе, интерактивті әдістердің оқыту үдерісіндегі тиімділігі оның түрлендіре отырып пайдаланумен байланысты болып келеді. Тіл меңгерту практикалық сабақтарда бекітілетіні белгілі. Сондықтан интерактивтік, яғни рөлдік және іскерлік ойындар тіл меңгертудің сапасын артырары сөзсіз.

#### *Әдебиеттер*

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы.

2. Қазақстан Республикасыны «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы // Егемен Қазақстан. – 2007. – 15 тамыз.

3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2012. – 230 б.

4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы).

5. Бұзаубақова К. Болашақ маманның инновациялық тұлғасын қалыптастыру / К. Бұзаубақова // Қазақстан жоғары мектебі. – 2005. – №4. – 54-58 б.

#### *Виды интерактивных методов обучения и особенности их применения на уроках казахского языка*

Ж.А. Шитенова  
учитель казахского языка СОШ №16, п. Солнечный,  
г. Экибастуз, Казахстан

#### *Аннотация*

В 12-летней школе компетентностный подход является новым подходом в преподавании и обучении. Переход на 12-летнее обучение требует от учителя нового формата мышления. Изучив возможности и умение учащихся творчески мыслить, учитель должен создать условия для формирования компетенций школьников.

Ключевые слова: 12-летняя школа, творчество, компетентность, информационные технологии, личность, компетентность.

#### *Types of interactive teaching methods and peculiarities of their application at the lessons of Kazakh language*

Zh. A. Shitenova  
Teacher of the Kazakh language of secondary school №16, p. Solnechny  
Ekibastuz, Kazakhstan

## Summary

12 summer school competence-based approach is a new approach to teaching and learning. Transition to 12 year education requires from the teacher a new format of thinking. After examining the possibilities, and the ability of students to think creatively, the teacher must create conditions for the formation of competencies of students.

Key words: 12-year-old school, creativity, competence, information technology, personality, competence.

УДК 378.147:54

ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ПӘНДІК  
ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

**О.С. Ачкинадзе**

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты  
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,  
Павлодар қаласы, Қазақстан*

**М. Баймұрат**

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты  
химия магистрі, аға оқытушы  
Павлодар қаласы, Қазақстан*

*Аннотация*

*Осы мақалада студенттердің тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби дамуындағы басты құралы ретіндегі өздігімен даму мәселелері қарастырылады. Химия пәнін оқу кезіндегі болашақ мұғалімнің негізгі құзыреттіліктерін қалыптастырудың жолдары сипатталады.*

*Кілтті сөздер: тұлғаның негізгі құзыреттіліктері, мәнмәтіндік және ситуациялық тапсырмалар, жобалық дағдылар.*

Қазақстан Республикасының білім беру интеграциясы әлемдік білім беру кеңістігіндегі құзыреттіліктің үлгілерін отандық білім беру жүйесінің жаңғырту үрдісіне бағыттайды. «Білімнен» бастап «қызметке» дейінгі талаптарға сәйкес дайындау екінін көшіру қажеттілігі жоғары оқу орындарының студенттерінде бірден аңғарылды.



ЮНЕСКО материалдары келесідей негізгі құзыреттіліктерді белгілейді: ақпараттық және тілдік («оқи білу»), пәндік – практикалық («істей білу»), әлеуметтік («бірге өмір сүру»), тұлғалық («бола білу») және Қазақстан Республикасының жоғары білім берудегі негізгі ұсынылатын нормативтік құжаттарында айқындалған [1, 2].

Құзыреттілік тұлғалық бағытталған қызметте көрінеді, осыған байланысты оқытудың жетекші принципі қазіргі қазіргі таңдағы жоғары мектепте болашақ маман ретіндегі тұлғаның дамуына бағытталған.

Психологтардың қорытындысымен келісе, біз тұлғалық, әлеуметтік және студенттің кәсіби қалыптасуының басты құралы ретіндегі өздігімен даму үрдісін (өзін-өзі жетілдіру, табысты қызметке бағытталған) қарастырамыз.

Бұл ретте келесі қағидаларды негізге ала отырып, арнайы химиялық пәндердің «потенциалын» қолданамыз:

– диалогтік қарым-қатынаста жүргізілетін оқу іс-әрекеті біреудің ұстанымын жоққа шығармайды, керісінше оларды өзара байытуға ықпал етеді;

– әрбір білім алушы өз құндылықтарын мойындай білуі қажет;

– студенттер материалды оқуда тұлғалық – құндылық қарым-қатынастарын тани білуіне сай, оқу іс-әрекетін жобалау.

Ұсынылатын тапсырмаларға баса назар аударылады «мағынаны іздеу», проблемалық жағдаяттарды шешу, тірек конспектілерін құрастыру, (оның ішінде тақырыптарды бекіту кезіндегі сигналдық конспектілер).

Тұлғаның негізгі құзыреттіліктерін қалыптастырудың бірден бір жолдарының бірі оқу іс-әрекетінде ситуациялық міндеттерді шешу немесе мәнмәтіндік тапсырмалар – өмірлік мәнмәтінді қамтитын тұлғалық маңызды мәселелердің барлығы білім алушыға негізгі білімді игеруге көмектеседі. Бұл міндеттер мәтінмен жұмыс жасаудың бірден бір түрі ретінде қарастыруға болады.

Ситуациялық (мәнмәтін) тапсырмалардың келесі ерекшеліктерін белгілеуге болады:

– ақпаратпен жұмыс жасаудың әмбебапты тәсілдерін қалыптастыруға бағытталуы;

– практикалық – бағыттылық сипатындағы оқу материалы негізінде қызметтің күрделі әдістерін (білу – түсіну – қолдану – талдау – синтез – бағалау) игеруді көздеу;

– пәнаралық білімді талап ету;

– проблемалық сұрақтың білім алушылар үшін тұлғаның маңыздылығын құруға міндетті;

– тапсырманың мағынасын ашатын, түпнұсқалық атауға ие болу.

Мысал ретінде, тұтастай бір ситуациялық тапсырманы «Көміртектің аллотропиясы» қарастырсақ:

5 қазан 2010 ж. Стокгольмде физика бойынша 2010 жыл бойынша Нобель сыйлығының есімдері аталды. Ең беделді сыйлыққа ие болған Ресейлік екі иегер Ресейден Константин Новоселов және Андрей Гейм. Олар графенмен эксперимент жүргізгені үшін алған. Графен өзі бал арасы ұясына ұқсайтын, өзара байланысқан құрылымға ие көміртегі атомының бір қабатынан тұрады.

Графенді алу үшін графиттің жалпақ тілімдерін жабысқақ таспамен орналастырады, жеткілікті жұқа қабаттарды түзеді және олар бір біріне таратылады (арасында көптеген қабықшалар түзілуі мүмкін, бір қабатты және екі қабатты, яғни олар қызығушылық тудырады).

Графен ол:

– Микрожүйелерде кремнийдің орнын басады. Оның негізінде чиптер жеңіл өндірілетін күйде болады, жұмысқа тұрақты, электр энергиясын аз тұтынады және аз жылу бөледі;

– Ғарышта және авиацияда ауыр мыс сымдарын ауыстыруға болады;

– Икемді сенсорлық дисплей және күн батареяларын құру кезінде пайдаланылады;

– Жекелеген молекулаларды табу үшін сенсор сапасында қолданысқа ие болады.

Сондай-ақ, графеннің беріктілігі барлық белгілі материалдардан асады. Графеннен орындалған гамак, көзбен көрмесекте, ол төрткилограмм болатын мысықты көтере алады.

Сұрақтар

1. Графен электроөткізгіштік қасиетке ие ме?

2. Графен жанады ма? Егер олай болса, онда графеннің жану химиялық реакция теңдеуін құрындар.

3. Графенді жартылай өткізгіштік материалдарды дайындауда қолдануға бола ма?

4. Графендегі көміртектегі атомының гибридтенуі қандай?

5. Графен делокализацияланған байланысқа ие ме?

6. Графит және графеннен басқа көміртектің тағы 4 модификациясын атаңдар.

7. Көміртегі атомының қандай аллотропиялық модификациясы  $sp^3$ -гибридтену күйінде болады?

Шығармашылық тұлғаны қалыптастыра отырып, студенттерді төменгі курстан бастап, жобалау дағдыларын дамыту өте маңызды. Жобалау дағдысы – бұл

дағдылары құра білу, бірқатар факторлардың қатысында, жаңа дүниелерді жасау. Олар:

– жүзеге асыратын іс-әрекеттермен тығыз қапсырма жасалынатын оперативті факторлар;

– жүзеге асыру алдындағы әрекет етуші, бекітуші факторлар.

Студенттердің жобалау дағдысын дамытудың бірден бір негізгі әдістерінің жобалау әдісі болып, оның негізгі идеясы, яғни «жоба», түсінігінің құраушы мәні ретінде, проблеманың практикалық немесе теориялық маңызын шешу кезінде алынған нәтижеге деген практикалық бағыттылық болып табылады. Жобалау әдісінің сипаттау ерекшеліктеріне интегративтілік, проблемалар және оқытудың мәнмәтіні жатады.

«Мәнмәтіндік оқыту» түсінігіне тереңдей қарасақ, мәнмәтіндік оқытудың мазмұнында ғылым логикасы ғана емес, сонымен қатар ең алдымен болашақ маманның кәсіби қызметінің логикасын құрайды. Мән мәтіндік оқыту мазмұнының негізгі бірлігіне оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы мұғалімнің кәсіби дағдыларын дамытудың әлеуметтік қабілеттіліктері жатады [3].

Жобалау тәсілі ғылыми-зерттеу қызметінде тиімді жүзеге асырылуда және болашақ кәсіби қызметінде өте қажет (жағдайды сыни бағалау, мақсатты болжамдау, мақсат қоя білу, міндеттерді шешу, алынған нәтижелерді синтездеу, нәтижелерін сыни бағалау, кемшіліктерді жою, енгізу сияқты), алайда үнемі оқу үрдісі барысында ғана өтелінеді.

Сол себепті, біз «Бейорганикалық химия» курсына, жекеше, студенттердің өздігінен дамуында оқу іс-әрекетінің келесідей ерекшеліктерін белгілейміз:

– Аудиторияда және аудиториядан тыс, жаңа материалды бекіту мен білімді актуализациялау кезінде дифференциалдық тапсырмаларды орындауда «күшті» және «әлсіз» студенттердің іс әрекетін ынталандырады; нашар үлгеретін бірінші курстарға күшті тапсырмаларды орындау кезінде табысты орындауды бастан кешіруге және неғұрлым күрделі тапсырмаларды уәждеуге мүмкіндік береді.

– Зертханалық тәжірибелердің оңтайлы санын орындау мен байқалатын нәтижелерін түсіну эвристикалық тәсілді талап етеді.

– Оқылатын тақырыптың соңында тұтастай танымдық белсенділігін дамытатын және кәсіби бағыттылығы бар аудиториялық шығармашылық тапсырмаларды (шағын – жоба) ұсынады.

Мысалы, сабақта «Гидролиз» тақырыбын аяқтағанда біз «Химия» мамандығының бірінші курс студенттеріне келесі эксперименттік тапсырманы (топтық жұмыс бойынша 4 адам) ұсынамыз: «Химик – экспертке бір жылдан аса тұрған, реактивтердің жарамдылығын анықтау қажет:  $KCl$ ,  $Na_2CO_3$ ,  $SbCl_3$ ,  $CuCl_2$ ,  $FeCl_3$ -нің 0,1 М су ерітінділері. Яғни зерттеу жоспарын ұсыныңыз, зерттеу жүргізіңіз,

қорытынды жасаңыз, жас лаборантқа осы ерітінділерді пайдалану мүмкіндігі бойынша нұсқаулар беріңіз».

Студент осы мини – жобаны орындау кезінде әрбір тұздың гидролизін түсіну мүмкіндігін немесе мүмкін еместігін теориялық тұрғыдан ойлап, реакция теңдеулерін жазып, болжап, қай жерде гидролиздің тереңірек жүруін бақылап, сулы ерітіндідегі негіздермен тұздардың диссоциациялану константасы бар анықтамалық мәліметтерді пайдаланып, концентрацияны есепке ала отырып, (Жгидролиз және гидролиздену дәрежесі түсінігін қолданып) әрбір гидролизденетін ерітіндінің рН есептеп, осы процессті басу үшін гидролиздену реакциясының химиялық тепе – теңдігін қалай ығыстыруға болатынын анықтап; қажетті индикаторларды қолданып, өз теориясын эксперименталды тексеру қажет. Жобаны орындағаннан кейін әр топ зерттеу кезеңдерін дұрыс қою, проблеманы қамту және шеше білу мәселесі, ғылыми тәсілдемелері бойынша оқытушының алдында есеп береді.

Оқыту практикасы көрсеткендей, сабақтың құрылымы осындай жолмен студенттерді белсендіреді, болашақ мамандықтың химиядағы теориялық сұрақтарына деген қызығушылықтарын оятады және болашақ мұғалімнің негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға үлкен үлес қосады.

#### *Әдебиеттер*

1. *Государственный общеобразовательный стандарт высшего образования РК. Основные положения № 1080 от 23 августа 2012 года. – Астана, 2012.*

2. *Үлгілік оқу бағдарламасы. Бакалавриат. 5В011200 – Химия мамандығы. – Алматы, 2013.*

3. *Национальный план действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012–2016 годы. Постановление Правительства РК от 25 июня 2012 №832, Астана.*

#### *Пути развития предметных и ключевых компетенций студентов при изучении химических дисциплин*

О.С. Ачкинадзе  
кандидат педагогических наук, доцент кафедры географии и химии,  
Павлодарский государственный педагогический институт,  
г. Павлодар, Казахстан

М. Баймурат  
магистр химии, старший преподаватель кафедры географии и химии,  
Павлодарский государственный педагогический институт,  
г. Павлодар, Казахстан

## Аннотация

*Keywords: Project Method, education, methods, models, traditional, active, interactive, principles, criteria, creative approach, small groups, design technology, modular training*

**Gold Standard of PBL:****Project Based Teaching Practices**


Contemporary educational standards determine the choice of teaching methods and approaches. Students are supposed to acquire so called «key skills», e.g. responsibility, independence, cooperation and critical thinking. PBL seems to cater for all these requirements. Moreover, this approach brings real life tasks into the teaching process. Experiential learning refers to the organization of the learning process on the basis of the pedagogical principle of “learning by doing”, which means that learners acquire knowledge after having experienced or done something new [1,32] Experiential learning is defined as the exploitation and processing of experience, aiming not only at acquiring knowledge, but also at transforming the way of thinking and changing attitudes [2, 763]. In experiential learning learners participate “in concrete activities that enable them to ‘experience’ what they are learning about” and the “opportunity to reflect on those activities” [3,8] since “learning is the process whereby knowledge is created through the transformation of experience”. Experiential learning is related to the project method. The

project method is “a natural extension of what is already taking place in class” [4, 287]. an open learning process, the limits and processes of which are not strictly defined, which progresses in relation to the specific teaching context and learners’ needs and interests. [5, 34], [6, 79].

The project method originates from Pragmatism, the philosophical movement which appeared in the middle of the 19th century and promotes action and practical application of knowledge in everyday life [7, 31]. Major proponents of Pragmatism are J. Dewey (1935) and W. Kilpatrick (1935) in the U.S.A, and H.Gaudig and G. Kerschensteiner in Germany.

The implementation of the project method was based on the following pedagogical principles, expressed by many progressive educators [8, 127]: a) promotion of manual activity instead of memorization and verbalism, b) learners’ active participation in the learning process, and c) exploitation of facts relating to the immediate reality as a source for learning.

The project method was linked to the internal reform of the educational process, basic components of which are the following:



Teachers who make Project Based Learning (PBL) a regular stage in the teaching delight their new role, although some of them believe, that it take time to accustom from traditional way of teaching. Project methods can be regarded as one of the most creative and captivating way of studying, because there, students will be involved in designing their own projects, instead of just utilising common curriculum materials. Actually, most teachers prefer to work collaboratively with their counterparts when planning and

implementing projects. Also, PBL teachers find it rewarding to work closely alongside students, tackling a real-world challenge or exploring a meaningful issue.

When transitioning to PBL, one of the biggest hurdles for many teachers is the necessity to give up some degree of control over the classroom, and trust in their students. But even though they are more often taking the role of the “guide”, and this most certainly does not mean that teachers do not “teach” in a PBL classroom. Many traditional practices remain, but are modified in the context of a project.



### Chart 1

#### 1. Design and plan

Teachers have to create or adapt a project for their context and students, and plan its implementation from launch to culmination while allowing for some degree of student voice and choice.

#### 2. Align to standards

Teachers employ standards to plan the project and make sure it addresses key knowledge and understanding from subject areas to be included.

#### 3. Build the culture

Teachers explicitly and implicitly promote student independence and growth, open-ended inquiry, team spirit, and attention to quality.

#### 4. Manage activities

Teachers are working with students to organise their assignments and time-table, set checkpoints and deadlines, find and use resources, create products and make them public.

### 5. Achieving goals

Teachers utilise various lessons, tools, and instructional strategies to support all students in reaching project objectives.

### 6. Assess student learning

Teachers use formative and summative assessments of knowledge, understanding, and success skills, and include self and peer assessment of team and individual work.

### 7. Engage and educate

Teachers engage in learning and creating alongside students, and identify when they need skill-building, redirection and encouragement.

#### *Bibliography*

1. Kotti, 2008 *Experiential learning from theory to practice. (2008) Adult Education, 13, 35-41. p. 32*
2. Mezirow, J. (1991). *Transformative Dimensions of Adult Learning. San Francisco: Jossey-Bass. p. 763*
3. Silberman, M. (2007). *The Handbook of Experiential Learning. San Francisco: Pfeiffer. p. 8*
4. Stoller, F. (2002). *Project Work: A Means to Promote Language and Content. In Jack, C. Richards & Willy, A. Renandya (Eds.) Methodology in Language p. 287*
5. Frey, K. (1986). *The project method, Thessaloniki, Kyriakidis. p. 34*
6. Kriwas, S. (2007). *Pedagogical science. Basic themes. Athens: Gutenberg p. 79*
7. Frey, K. (1986). *The project method, Thessaloniki, Kyriakidis. p. 31*
8. Crisafidis, K. (2005). *Experiential-communicative teaching. Implementing the project method in school. Athens: Gutenberg. p. 127*

#### ***Жоба әдісі студенттердің мотивациясын арттыру тәсілі ретінде***

А.О. Искакова

«Теория және практикалық шет тілдері» кафедрасының аға оқытушы,  
Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

Н.Е. Хасенова

Еуразия Ұлттық университетінің студенті, филология факультеті,  
«Шетел тілдер теориясы мен практикасы» кафедрасы, ИЯ-42, Астана қ., Қазақстан

#### *Аңдатпа*

Жоба әдісі тиімді және тиімді білім беру аса маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Жоба әдісі жүзеге асыру мәселесі әлі әзірлеу сатысында тұр. Көптеген ғалымдар берік сенеді, оқыту процесінің маңызды бөлігі ретінде жоба әдісін қабылдау жоғары жетістіктер әкелуі мүмкін екеніне. Бұл мақалада, біз Жоба әдісін алтын стандартына тоқталдық.

Тірек сөздер: Жоба әдісі, білім беру, әдістері, модельдері, дәстүрлі, белсенді, интерактивті, принциптері, критерийлер, шығармашылық көзқарас, шағын топтар, жобалау технологиясы, модульдік оқыту

*Проектная методика как способ повышения мотивации студентов*

Н.Е. Хасенова

студентка Евразийского Национального университета, филологический факультет, кафедра «Теория и практика иностранных языков», ИЯ-46, г. Астана, Казахстан

А.О. Искакова

старший преподаватель кафедры «Теория и практика иностранных языков» Евразийского Национального университета, филологический факультет, г. Астана, Казахстан

Аннотация

Метод проекта становится одним из принципиально важных компонентов эффективного и полезного образования. Вопрос о реализации метода проектов еще находится в стадии разработки. Многие ученые убеждены, что проектный метод – это неотъемлемая часть учебного процесса, которая может привести к высоким достижениям. В этой статье мы будем подробно останавливаться на основных и основополагающих стандартах данного метода.

Ключевые слова: метод проектов, обучение, метод, модель, традиционный, активный, интерактивный, принципы, критерии, творческий подход, малые группы, проектная технология, модульное обучение.

УДК 372.881.1: 004.9

## ҚАЗАҚ ТІЛІ: КОМПЬЮТЕРЛІК ОҚЫТУ

***Н. Бауыржан***

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының  
ПМНО-31 тобының студенті, Павлодар қаласы, Қазақстан*

### *Аңдатпа*

*Ұсынылып отырған мақалада қазақ тілінде еркін сөйлеу мүмкіндігін арттыру үшін қатысымдық құзыреттілігі мен қазақша сөйлеу біліктілігін жетілдіріп, қазақ тіліндегі мәтіндерді компьютермен оқытудың ұтымды әдістемесін ұсыну қарастырылады.*

*Тірек сөздер: компьютерлік оқыту, мектептердегі тіл дамыту, жаңа технология, модульдік технология.*

Өмірдің бүгінгі таңдағы талабы қазақ тілін жас ұрпаққа үйретудің тиімді әдістемесі жасалуын қажет етіп отырғаны белгілі. Өйткені таяу жылдарда қазақ тілінің қоғамдық қарым-қатынастардың барлық салаларында: ғылымда, өндірісте, мемлекетаралық байланыстарда, сауда да, тұрмыстық қызмет көрсету мекемелерінде, кеңсе ісінде, т.б. жерлердің барлығында да қолданылу аясының кеңі түсуін қамтамасыз ету міндеті қойылуда. Мұның өзі қазақ тілінің қарым-қатынас құралы ретіндегі мәнімен қатар, танымдық құрал ретіндегі ролін де күшейте түсетіні мәлім. Осыған орай, жас ұрпаққа білім беру, оларды қажетті дағды мен іскерлікке төселдіру, өз пікірлерін білдіріп, қорытынды жасай алуға баулу, бұл мәселелерде балалардың жеке ерекшеліктері мен жалпы даму деңгейін ескеру мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған басты міндеттердің біріне айналуға бастауыш сыныптарда балалардың ауызша, жазбаша тілін дамыту жұмысын күн тәртібіне бірінші мәселе етіп қойып отыр. Халқымыздың тарихи асыл мұрасы болып келген сөз мәнерін, тілін болашақ ұрпаққа жеткізсе, олардың сана-сезімін, дүниетанымын кеңейтіп, ой дәлдігіне, сөз жүйелілігіне, тіл тазалығына төселдіру – аса игі іс болар еді. Сондықтан мектепте ана тілін оқытудағы басты міндеттердің бірі – оқушыларды таза сөйлеуге, сөздік қорын дамытуға, ой-өрісін кеңейтуге бағыт алады. Әр оқушының сөйлеу тілінде қарым-қатынас жасау және мәдениетін дамытуға баса назар аударылды. Сондықтан келешектің бастауыш мұғалімдеріне, бүгінгі күннің мұғалімдеріне әр мәтіннің мазмұнын түсіндіру әдістерін жан-жақты шығармашылық ойлану, іздену

міндеттері жүктеліп, сөз мәніне, мағынасына ерекше көңіл бөлу, сөздің құдіретін ұқтыру тәсілдері барынша іздестірілді.

Мектептердегі тіл дамыту – бірсыпыра ғылым өкілдерінің бірігіп шешуін талап ететін психологиялық, педагогикалық және лингвистикалық проблема.

Сонымен, тіл ұстарту мен тіл дамытуға қатысты мәселелерді жинақтай келгенде мынадай тұжырымдар айтуға болады:

1. Оқушыларға қазақ тілін оқытудағы негізгі мақсаттардың бірі – тіл дамыту. Бұл тек қазақ тілінің ғана объектісі емес, басқа пәндерге де ортақ нәрсе. Олай болса, тіл дамыту жұмыстары – оқушылардың барлық пәндер бойынша ауызша, жазбаша тілін дамытып, сөздік қорын қалыптастыруға бағытталған біртұтас, бірлескен іс-әрекеттер арқылы іске асырылатын күрделі процесс. Тіл дамыту шаралары оның әдістемесін жетілдіріп, сындарды қалыптастырғанда ғана дұрыс нәтижелер береді.

2. Тіл ұстарту жұмыстарының негізгі мақсаты оқушыларды ауызша және жазбаша түрде өздерінің және өзге біреудің ойын грамматикалық және стилистикалық дұрыс, мазмұнды да мәнді білдіруге қаруландыру болып табылады.

Қазіргі таңда еліміздің оқу орындары мен педагогикалық ұжымдары ұсынып отырған көпнұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымы және тәжірбиеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірбиеде сынап қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты әрі жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазіргі кезде қолданылып жүрген жаңа педагогикалық технологияның негізінде мыналар жатады:

- әрбір оқушының жеке дара ерекшеліктерін ескеру;
- оқушылардың қабілеттері мен шығармашылықтарын арттыру;
- оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;

Ынтамақтыстық педагогикасының негізгі мақсаты-талап ету педагогикасынан қарым-қатынасына көшу, балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің ажырамас бірлігі. Оның ерекшеліктері:

– мұғалім-оқушы, оқушы-мұғалім, оқушы-оқушы. Оқушы да субъект, мұғалім де субъект:

- оқушының жеке басына ізгілік қарым-қатынас:



– оқушы мен мұғалім арасындағы өзара түсінушілік, ынтамақтастық қарым-қатынас.

Модульдік технология оқыту идеясына негізделген. Модульдік оқытудағы негізгі мақсат-оқушының өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндікдігін дамыту, оқу материалын өңдеудің жекелеген тәсілдері арқылы жұмыс істеуге үйрету.

Барлық жаңа технологияның алдына қойған мақсаты – оқушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру .

Қазіргі ана тілі мен әдебиеті пәндері бойынша жаңаша оқыту балаларға ең тиімді тұжырымды, санасына жеңіл оқыту технологиясымен жұмыс істеу пайдалы болар еді.

Сол қағиданы басшылыққа ала отырып өзім қазақ тілі пәні бойынша қайталау сабақтарында деңгейлік оқыту технологиясымен жұмыс істеп жүрмін. Балалар толық меңгеріп кетті дей алмаймын.

Әйтсе де деңгейлеп оқыту технологиясымен жұмыс істеуде оң нәтижелерге қол жеткізуге болатынын ұғындық.

Қазір жұрт назарын өзіне аударып отырған идея – дамыта отырып оқыту идеясы. Давыдовтың дамыта оқыту мектебінде мұғалім өзінің оқушымен қарым-қатынасын, оқу әрекетін құрып, оны оқушыға қалыптастыра отырып жүзеге асырады

Біздің пікірімізше, бұл идея төрт түрлі логиканы біртұтас педагогикалық үрдіске синтездеп, оқушының интеллектуалдық дамуын (оқу әрекеті) арқылы іскерлігін, адамгершілік, этикалық және рухани тәрбиесін, халқының мәдениетін, басқа мәдениеттер құндылығын түсінуді қамтамасыз етеді.

Осымен байланысты білім мазмұнын, оның құрамы мен құрылымын, оқыту әдістерін анықтауда дидактиканың дәстүрлі ұстанымдарымен (жүйелілік, көрнекілік, түсініктілік, т.б.) бірге дамыта отырып оқытудың білімнің теориялық деңгейін көтеру, ойлаудың барлық түрлерін диалектикалық бірлікте дамыту, мазмұнның интегративті сипатын сақтау, оқушыны жасына лайық ұжымдық іс-әрекетке түсіру сияқты ұстанымдары басшылыққа алынады.

Оқу әрекетін қалыптастыру білім мазмұнының теориялық деңгейін көтеру, оқушы ойлауының эмпирикалық және теориялық түрлерін диалектикалық бірлікте дамыту ұстанымдарымен тығыз байланысты.

Мазмұнның негізіне алынған дамыта отырып оқыту идеясына және оның ұстанымдарына оқушының меңгеруі тиіс білімнің мынадай үш компонентті құрамы сәйкес келеді.

1) Дүниенің біртұтас бейнесі туралы білім (мұнда дүниенің ғылымдағы және әр түрлі көркем – мифтік, діни, т.б. түсініктердегі бейнесі өзара бірін-бірі толықтырады).

2) Оқушыда қалыптасуы тиіс әрекет түрлері (оқу, еңбек, ойын, қарым-қатынас, т.б.) туралы білім;

3) Дүниені танып білудің ғылыми, логикалық әдіс-тәсілдері (бақылау, тәжірибе, талдау, синтез, модельдеу, жалпылау, т.б.) туралы білім.

Білім беру саласының алдындағы негізгі мақсат – оқушы бойында білім-білік, дағдыларға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде жылдам өзгеріп жатқан өмірге бейімді, өзін-өзі дамыта алатын, өз бетімен кез-келген мәселені адамгершілік тұрғыда шеше алатын, өзіндік ойы бар жеке тұлға қалыптастыру. сыныптардағы ана тілі сабақтарында әрбір мәтінді өткен кезде білім, білік, дағдыларды осы мақсатқа икемдеп отырғанымыз жөн.

Нәтижеге бағытталған білім беру мұғалім мен оқушы еңбегінің сапасына байланысты екенін айтып кеттік.

«Қазіргі уақыт талабы шынайы білімділікті, шынайылықты талап етеді. Тіпті кей кездері процент қушылыққа бой алдырып, оқушы білімінің дұрыс бағаланбайтын кездері де болады. Бастауыш сынып мұғалімдерін оқушыларға сапалы білім беріп, оған ерекше мән беретін түбегейлі бетбұрыстарға қарай ынталандыру қажеттігі туды. Мұндай бетбұрыс алдымен басшы мен мұғалімнің бірлескен ісінің, ең маңыздысы олардың өзара қарым-қатынасының құрамды бөлігіне айналуы тиіс» – дейді Ю.А. Конар.

Инновациялық оқу оқудың түсіндірмелі-иллюстрациялық түрінен әрекетшілдікке ауысу арқылы жүзеге аса отырып, оқушының оқу әрекетінің белсенді субъектісі болуына мүмкіндік береді. Оның өзі сабақты әр түрлі технологиялар бойынша жобалауды қажет етеді.

Сабақтың соңғы нәтижесін бір-бірінен ажырамайтын құрамдас екі бөлікке бөлуге болады, өйткені біріншісі – екіншісінің, керісінше, екіншісі – біріншісінің нәтижесі болып табылады, демек, сабақтың өзі – мұғалімнің шығармашылығы, яғни, оның педагогикалық іс-әрекетінің нәтижесі.

Қазіргі кезде оқытуда ең алдымен оқушылардың бойында әлеуметтік-мәдени күзіреттілікті қалыптастыру басты мәселе болып отыр. Әсіресе, бастауыш

#### *Әдебиеттер*

1. Катенбаева Б.Ш. *Тіл ұстарту жұмыстары бойынша методикалық нұсқаулар* / Б.Ш. Катенбаева. – Алматы, 1991.

2. Саламатова З.Қ. *Жай сөйлем синтаксисін оқыту барысында оқушылардың тілін дамыту. (8 сынып бойынша): канд. дисс.* / З.Қ. Саламатова. – Алматы, 1994.

3. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері / Ә. Исабаев. – Алматы: Қазақ университеті, 1993.
4. Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2005. – №9.
5. Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2005. – №4.
6. Психологиялық-педагогикалық сөздік / құраст. Б.А. Молдағалиев. – 2-ші бас. – Алматы: Арыс, 2011. – 224 б.
7. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика: оқу құралы / Ж.Б. Қоянбаев, Р.М. Қоянбаев. – 2-басылымы. – Алматы, 2000. – 384 б.

***Казахский язык: компьютерное обучения***

Н. Бауыржан  
студентка группы ПМНО-31, Павлодарский государственный  
педагогический институт, г. Павлодар, Казахстан

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы, как улучшить способность говорить свободно на казахском языке, развивать коммуникативную компетентность и квалификацию казахской речи во время компьютерного обучения.

Ключевые слова: компьютерное обучение, новые технологии, модульная технология.

***The Kazakh language: computer training***

N. Bauyrzhan  
Student PMNO-31g., Pavlodar State Pedagogical Institute,  
Pavlodar, Kazakhstan

Summary

This article discusses the issues to improve the ability to speak fluently Kazakh develop communicative competence and qualifications of the Kazakh language, the Kazakh language texts will provide a rational method of teaching computer.

Keywords: computer training, new technology, modular technology.

УДК 372.857 + 372.891+004

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ  
ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ ОКРУЖАЮЩЕГО МИРА**К.С. Бутенова**

*магистр педагогических наук, старший преподаватель  
кафедры «Дошкольное и начальное образование»,  
Павлодарский государственный педагогический институт,  
г. Павлодар, Казахстан*

**А. Аникеева**

*студентка 3 курса специальности ПМНО,  
Павлодарский государственный педагогический институт,  
г. Павлодар, Казахстан*

*Аннотация*

*В статье рассматриваются вопросы использования информационно-коммуникационных технологий на уроках окружающего мира в начальной школе.*

*Ключевые слова: информационно-коммуникационные технологии, информатизация, программное обеспечение.*

Современный мир отличается динамичным развитием во всех социально-значимых областях, и ребёнок находится в центре этого развития. Основу для учебной деятельности ребёнка и многих сфер жизни человека в обществе составляет грамотность. Современная грамотность, выросшая из традиционных «читать, писать, считать», изменяет акценты, приоритеты и само содержание этой триады и включает элементы информационных технологий, информационной культуры.

В начальной школе происходит смена ведущей деятельности ребёнка с игровой на учебную, что бывает зачастую очень болезненно и сопровождается психологическими проблемами, использование игровых возможностей компьютера в сочетании с дидактическими возможностями (наглядное представление информации, обеспечение обратной связи между учебной программой и ребёнком, широкие возможности поощрения правильных действий, индивидуальный стиль работы и т.д.) позволяет обеспечить более плавный переход к учебной деятельности [1].

Единственный человек, который способен реализовать данное положение на практике, – это учитель начальных классов. Никакие другие специалисты, освоив-

шие новшества и готовые применять их в педагогическом процессе, не смогут получить тот результат, на который может рассчитывать учитель, изначально посвятивший себя воспитанию учеников начальных классов.

Большая часть знаний, умений и навыков (ЗУН), полученных на традиционных уроках, не используется учащимися во внеурочной деятельности, и их практическая ценность утрачивается, а прочность существенно снижается. Использование же ЗУН в игровой компьютерной среде приводит к их актуализации, а желание играть – к мотивации их приобретения.

Внедрение ИКТ способствует достижению основной цели модернизации образования – улучшению качества обучения, увеличению доступности образования, обеспечению гармоничного развития личности, ориентирующейся в информационном пространстве, приобщенной к информационно-коммуникационным возможностям современных технологий и обладающей информационной культурой.

Проблеме информатизации образовательного процесса в школе вообще и в начальной школе, в частности, в последние годы уделяется определенное внимание. Наши дети – это уже члены информационного общества. Объем информации, который обрушивается на них, во много раз превышает объем, который приходился на их ровесников еще два десятка лет тому назад. Школа – часть общества, и в ней, как в капле воды, отражаются те же проблемы, что и во всей стране. Поэтому очень важно организовать процесс обучения так, чтобы ребенок активно, с интересом и увлечением работал на уроке, видел плоды своего труда и мог их оценить. Помочь учителю в решении этой непростой задачи может сочетание традиционных методов обучения и современных информационных технологий, в том числе и компьютерных.

Учеников привлекает новизна проведения уроков с их использованием. В классе во время таких уроков создается обстановка реального общения, при которой ученики стремятся выразить мысли «своими словами», они с желанием выполняют задания, проявляют интерес к изучаемому материалу, у учеников пропадает страх перед компьютером. Учащиеся учатся самостоятельно работать с учебной, справочной и другой литературой по предмету. У учеников появляется заинтересованность в получении более высокого результата, готовность и желание выполнять дополнительные задания. При выполнении практических действий проявляется самоконтроль.

Использование презентаций позволяет проводить уроки:

- на высоком эстетическом и эмоциональном уровне (анимация, музыка)
- обеспечивает наглядность;
- привлекает большое количество дидактического материала;

- повышает объём выполняемой работы на уроке в 1,5–2 раза;
- обеспечивает высокую степень дифференциации обучения (индивидуально подойти к ученику, применяя разноуровневые задания).

Использование ИКТ при подготовке к уроку.

Обработка текстовой, цифровой, графической и звуковой информации при помощи соответствующего программного обеспечения для подготовки дидактических материалов к уроку (индивидуальные карточки, таблицы, чертежи, схемы, иллюстрации и др.) [2].

Осуществление поиска необходимой информации в Интернете в процессе подготовки к урокам и внеклассным мероприятиям по предмету.

Форма работы может быть и индивидуальной, и групповой, и фронтальной. Например, при работе с тренажёром ученик может выполнять задания самостоятельно. Также можно организовать групповую работу, во время которой учитель демонстрирует на экране отдельные эпизоды тренажёра. После каждого эпизода все ученики по очереди выполняют упражнения, когда необходимо, при подсказке учителя.

Учащихся начальных классов я вовлекаю не только в использование информационных ресурсов, но и в создание их. Конечно, возраст накладывает естественные ограничения на организацию такой деятельности. Однако начинать такую работу нужно именно с начальных классов. Дело в том, что именно в младшем школьном возрасте закладывается ряд ценностных установок, личностных качеств и отношений. Если это обстоятельство не учитывается, если этот возраст рассматривается как малозначимый, «проходной» для компьютерных технологий, то нарушается преемственность между этапами развития учебно-познавательной деятельности учащихся. Современный младший школьник прекрасно знаком с компьютером (чаще лучше, чем взрослый), но относится к нему, как к игрушке. И перед учителем встаёт задача показать, насколько это мощный инструмент познания, позволяющий открыть мир.

Для решения выше изложенных задач используем следующие направления:

- создание слайд-презентации к учебнику;
- подготовка индивидуальных карточек для обучения;
- подготовка дополнительного материала;
- использование готовых электронных учебных материалов.

Помимо созданных самостоятельно материалов электронных уроков можно использовать на уроках электронно-учебные пособия. Одно из них – «Мир природы. Наглядное пособие по естествознанию младших школьников». Оно охватывает ряд наиболее интересных тем об окружающем нас мире, его разнообразии, изменчивости и неповторимости:

- Живая и неживая природа.
- Смена времён года. Смена дня и ночи.
- Форма Земли. Ориентирование на местности.
- Размножение и распространение цветковых растений.
- Три состояния воды. Круговорот воды в природе.
- Круговорот веществ (жизни) в природе.

Пособие с помощью наглядных анимаций, динамических рисунков, схем и таблиц, красочных фотографий помогает ребёнку понять таинственные законы природы. Все материалы сопровождаются дикторским комментарием, что делает работу с ними интересной и познавательной.

Универсальность пособия помогает активизировать познавательную деятельность учащихся, обеспечить высокую степень визуализации учебного процесса, которая, в свою очередь, позволяет проводить уроки в форме интерактивного обучения.

Изучению времён года помогает обучающая программа «Мультипликационные времена года с тётушкой Совой». В ней, помимо изучения нового материала, ребята смогут почитать видеокнижку А. Валевского о всех 12-ти месяцах, с помощью караоке спеть полубившиеся песни.

Освоить знания по анатомии, проверить их прочность, получить консультацию и сдать экзамен на «отлично» поможет младшим школьникам игра от компании «Бука» «Пятачок сдаёт экзамен по анатомии».

Данные мультимедийные пособия ни в коем случае не подменяют имеющиеся учебно-методические комплекты. Они являются эффективным дополнительным средством, позволяющим обеспечить качественное обучение в сочетании с учебниками, рабочими тетрадями, раздаточным материалом. Эпизодическое использование интерактивной доски, разнообразная учебная деятельность обеспечивает здоровьесберегающий эффект обучения, существенно влияет на эмоциональный фон урока, помогает оптимизировать учебную нагрузку [3].

Неотъемлемым помощником в развитии интереса к предмету и организации коллективной работы класса является использование интерактивной доски. Ведь использование различных магнитных ручек, лазерных указок, «волшебных» палочек развивает не только логику, творческое мышление, моторику и координацию ребенка, но и позволяет ему вернуться назад, посмотреть, где были допущены ошибки, проанализировать свою работу.

Использование информационно-коммуникационных технологий помогает перейти от объяснительно-иллюстративного способа обучения к деятельностному, при котором ученик становится активным субъектом учебной деятельности. Это способствует осознанному усвоению знаний учащимися.

Приведу несколько преимуществ проведения уроков с применением ИКТ по сравнению с классическим уроком.

Этап урока	Урок с применением ИКТ	«Классический» урок
1. Проверка домашнего задания	1) Домашнее задание проверяется с помощью сканера. Работа ученика сканируется и выводится на доску. Ребенок поясняет свое решение. При необходимости учитель или другие ученики исправляют допущенные ошибки. Если задача имеет несколько решений, на доску с помощью сканера выводятся другие варианты, и учащиеся имеют возможность быстро сравнить различные способы решения задачи. На сканирование работы затрачивается менее 1 минуты, остальное время используется непосредственно на разбор заданий.	1) Ученик выходит к доске со своей тетрадью, переписывает решение, а затем объясняет его другим ученикам. При этом тратится в среднем от 5 до 10 минут, в зависимости от скорости письма ученика. Если же задание выполнено несколькими способами, то время на воспроизведение этих заданий на доске увеличивается.
2. Устная работа	На экран проецируется текст, иллюстрация, чертеж, схема. При этом все необходимое появляется на экране последовательно, что позволяет избежать ненужного нагромождения.	Возможны два варианта: 1. Схемы, чертежи подготовлены заранее. <i>Достоинство:</i> экономия времени на уроке. <i>Недостатки:</i> а) большое количество текста, схем, чертежей на доске мешает некоторым учащимся сосредоточиться на конкретном задании; б) на доске остается мало места для дополнительных выкладок к каждому конкретному заданию, что может привести к непониманию каких-то моментов решения. 2. Записи, чертежи, схемы выполняются и стираются по мере выполнения заданий. <i>Недостаток:</i> невозможность вернуться к ранее выполненным заданиям.
1. Объяснение нового материала	Если данная тема недостаточно полно изложена в учебнике, то данный материал раздается учащимся в печатном виде (создается справочник	Материал, которого нет в учебнике, диктуется ученикам. Затем на доске приводятся примеры решений, которые учащиеся также записывают в тетради.



Этап урока	Урок с применением ИКТ	«Классический» урок
	<p>ученика, содержащий основные понятия и термины) Учитель на доске комментирует раздаточный материал, при необходимости дополняя его другими примерами, обращает внимание на наиболее важные моменты, отвечает на вопросы учащихся. Материал распечаток при этом, как правило, выводится на доску.</p>	<p>На диктовку в среднем тратится 4 минуты, в зависимости от объема материала и от скорости письма учащихся. Кроме потери времени на конспектирование, имеется еще один недостаток: если учащийся недостаточно внимателен, то при списывании решения с доски он может допустить ошибки, которые затем затрудняют понимание материала или приведут к проблемам при выполнении заданий подобного типа</p>
<p>2. Первичное закрепление материала</p>	<p>1) Отработку материала можно разнообразить примерами из различных источников. Для этого достаточно распечатать подборку заданий, а на экран вывести заготовленные заранее условия.</p> <p>2) Использование готовых схем, чертежей позволяет письменно решить на уроке 3–4 задачи, а также сравнить различные способы решения одной и той же задачи и рассмотреть вопрос, сколько различных решений она может иметь.</p>	<p>1) Использование дополнительного материала ограничено наличием достаточного количества сборников. Диктовка условий заданий также ведет к потере времени, а значит, и к снижению эффективности урока</p> <p>2) Письменно решаются только 1–2 задачи, в крайне редких случаях – 3.</p> <p>Времени на разбор разных способов решения задачи, а также количества решений в зависимости от исходных данных, как правило, не остается</p>
<p>3. Закрепление материала, самостоятельная работа учащихся</p>	<p>При выполнении заданий по вариантам учащиеся решают их в тетрадях. Затем с помощью сканера решение проецируется на доску, и учитель просит учащихся прокомментировать полученное решение.</p> <p>Таким образом, исключается бездумное списывание с доски, экономится время на воспроизведение решения. Можно быстро проводить проверку усвоения материала путем тестирования (фронтального или индивидуального) с последующим разбором (используются печатные тексты или презентация с заданиями, проверка и разбор теста осуществляется также с помощью презентации или с помощью сканера).</p>	<p>Существует два способа организации этой части урока.</p> <p>Основная часть учащихся выполняет задания в тетрадях, а два-четыре школьника (по одному-два человека от каждого варианта) одновременно решают задания своего варианта на доске. Затем эти задания комментируются.</p> <p>При этом способе есть существенный недостаток: часть учащихся вместо того, чтобы решать задания самостоятельно, списывает их с доски, а значит данный материал остается неотработанным.</p> <p>2. Сначала все учащиеся решают задания на местах, а затем по одному представителю от каждого варианта выходят к доске и воспроизводят свое решение. При этом процент списывающих</p>

Этап урока	Урок с применением ИКТ	«Классический» урок
		школьников сокращается, но имеет место потеря времени.
4. Выдача домашнего задания и подведение итогов урока	1) Учащимся может быть задано не только общее, но индивидуальное домашнее задание, которое выдается в виде распечаток 2) Вся информация, появляющаяся в процессе урока на доске сохраняется. Это дает возможность быстро просмотреть задачи, решенные на уроке, повторить основные моменты, сделать выводы.	1) Домашнее задание задается по учебнику или записывается на доске. При этом все учащиеся, как правило, получают одинаковое задание. 2) Из-за нехватки свободного места на доске большая часть решенных задач будет стерта. Значит, при подведении итогов урока единственное, к чему может адресовать учащихся учитель,- это их тетради.

Использование ИКТ на уроках имеет преимущества по сравнению с традиционным обучением:

- современность и актуальность учебного материала;
- наличие дополнительного и сопутствующего материала;
- эстетичность и наглядность;
- возможность распечатки материала для последующей индивидуальной работы;
- возможность блочного обозрения темы, опережения знаний;
- обучение через игровую или практическую деятельность;
- повышение интереса учащихся к учёбе;
- более чёткая организация деятельности учителя, облегчение его труда;
- в целом, использование ИКТ способствует повышению качества знаний и умений учащихся.

Диагностика мотивации учебной деятельности и уровня комфортности на уроках показала, что наибольший интерес у детей вызывают уроки, на которых учитель использовала ИКТ. Повышается интерес к учебе в целом.

Таким образом, анализируя опыт использования ИКТ на уроках, можно с уверенностью сказать, что использование ИКТ позволяет:

- активизировать познавательную деятельность учащихся;
- проводить уроки на высоком эстетическом и эмоциональном уровне;
- обеспечить высокую степень дифференциации обучения;
- повысить объём выполняемой на уроке работы;
- усовершенствовать контроль знаний;
- рационально организовать учебный процесс, повысить эффективность урока;

- формировать навыки исследовательской деятельности;
- обеспечить доступ к различным справочным системам, электронным библиотекам, другим информационным ресурсам [4].

*Литература*

1. Апатова Н.В. Информационные технологии в начальном образовании / Н.В. Апатова. – М., 1994.
2. Мультипликационные времена года с тетушкой Совой. Обучающая программа для детей от 2 до 7 лет.
3. Уроки Кирилла и Мефодия. Окружающий мир. 1–4 кл.
4. Мир природы. Познавательные материалы об окружающем мире. Наглядное пособие по естествознанию для младших школьников. – Новый диск.

***Қоршаған орта сабақтарында информациялық-коммуникациялық технологияларды қолдану***

К.С. Бутенова

Педагогика ғылымдарының магистрі, мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының аға оқытушысы, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қаласы, Қазақстан

А. Аникеева

БОПЖӘ-31 тобының студенті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қаласы, Қазақстан

*Аңдатпа*

Мақалада бастауыш мектепте қоршаған орта сабақтарында информациялық-коммуникациялық технологияларды қолдану жолдары қарастырылған.

Тірек сөздер: информациялық-коммуникациялық технологиялар, информатизация, программалық қамтамасыз етілу.

***The role of pedagogical practice in the professional development of future teachers***

K.S. Butenova

the master of pedagogical Sciences,  
the senior teacher of chair of preschool and primary education,  
Pavlodar State Pedagogical Institut, Kazakhstan

A. Anikeeva

a student is 3 courses, Pavlodar State Pedagogical Institut, Kazakhstan

## Summary

In the article examined questions of the use of informatively-communication technologies on the lessons of the surrounding world at initial school.

Keywords: of informatively-communication technologies, informatization, software.

УДК 378.147

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН  
ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

***А.Т. Қаймолла***

*КММ, №92 гимназияның бастауыш сынып мұғалімі  
Қарағанды қ., Қазақстан*

***А.М. Бейсенбаева***

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің  
аға оқытушысы п.ғ.м., Қарағанды қ., Қазақстан*

***Н.Р. Хамзина***

*КММ, №92 гимназияның бастауыш сынып мұғалімі  
Қарағанды қ., Қазақстан*

*Аңдатпа*

*Мақалада бастауыш сынып оқушыларын шығармашылыққа баулуда ең алдымен баланы шығармашылық іс-әрекетке қатыстыру үшін қажетті жағдай туғызу мәселелері сонымен қатар «шығармашылық» ұғымына педагогикалық-психологиялық талдаулар қатары қарастырылған. Шығармашылыққа баулу проблемасын анықтауға бағытталған зерттеулерді топтарға бөліп қарастыру көрсетілген.*

*Тірек сөздер: шығармашылық, әуесқойлық, шәкірттер, субъективтік, қабілет, зерек, ақыл-ойы, шындау, танымдық ойын, әлеуметтік іс-әрекет.*

Озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа бағытта оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін шыңдау үшін қолайлы жағдай жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек. Осыған байланысты әр мұғалімнің ізденісі арқылы жаңа тәжірибеге,

жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттілігі туындайды. Басты назар баланың жан-жақты дамуы мен танымдық арттыруға, балаға ізгілік тұрғысынан қарауға, жетістіктерін өздеріне талдатып, өзін-өзі бағалау әрекетін ұйымдастыруға, яғни бір сөзбен айтқанда жан-жақты шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталады. Шығармашыл тұлға дегеніміз- өмірде дұрыс жол табу үшін өз әрекеті негізінде дұрыс ой түйіп, өздігінен саналы, дәлелді шешімдер қабылдай алатын жеке тұлға. Шығармашыл тұлға бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, талдап-жинақтай білу, қайшылықтарды түсіне білетін кешенді қасиеттер болу керек.

Қазіргі таңдағы педагогиканың міндеті – осы қасиеттерді кез-келген оқушының бойында қалыптастыру болып табылады. Бүгінде шығармашылық қабілеттерінің дамуы басты нысана болып, ал айналып, ойландырып отырған мәселе. Өйткені өмірдегі сан алуан қиыншылықтарды шеше білу, мемлекетімізді өркениетке жеткізу тек шығармашыл адамдардың қолынан келмек. Тек шығармашылық қана адамға өмірдің мәнін түсінуге, өз бақытын сезінуге мүмкіндік әпереді.

Тұлғаның өзіндік шығармашылық белсенділігін арттыру көп жақты, күрделі процесс екені анық. Сондықтан оқушыларды шығармашылыққа баулу мәселесі педагогика теориясы мен практикасында ерекше орын алады, педагог ғалымдар оның психологиялық, педагогикалық аспектілеріне, әдістемелік негіздеріне көңіл бөледі.

Бастауыш сынып оқушыларын шығармашылыққа баулуда ең алдымен баланы шығармашылық іс-әрекетке қатыстыру үшін қажетті жағдай туғызу керек. М. Монтессори, Л.С. Выготский, Н.С. Лейтес және т. б. психологтардың айтуынша бастауыш саты жасындағы балалардың әуесқойлығы, қабылдағыштығы ерекше дамиды уақыт, сондықтан осы кезеңде оқушыларды шығармашылыққа баулу едәуір белсенді жүргізілуі қажет [1].

«Шығармашылық» ұғымына энциклопедиялық сөздікте «ешқашан бұрындары болмаған жаңа сапалы нәрсені тудырушы қызмет» деген анықтама берілген. Ал қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде «шығармашылық ойлаудың» субъективтік жаңа өнімнің жасалуымен және оны жасау жөніндегі танымдық іс-әрекеттің өзіндегі жаңа түзілімдермен сипаттала-тыны, бұл жаңа түзілімдердің мотивацияға, мақсаттарға, бағамдауларға, мағына-мәндерге қатыстылығы айтылады. Сонымен қатар оның дайын білімдер мен біліктерді қолдану процестерінен, репродукциялық ойлаудан ерекшеленетіні де аталып өтеді.

И.П. Волков шығармашылық ұғымын тереңдете келіп, бастауыш сынып оқушысы үшін шығармашылық деп «оқушы игерген білімін, білігін, әдістерін тиісті жерде қолдана отырып, баланың өзі үшін пайдалы және жаңалық болып есептелетін іс-әрекеттің нәтижесін» атауды ұсынады. Біз де осы анықтамаларды

негізге ала отырып бастауыш сынып оқушысын шығармашылыққа баулу деп оқушыны қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың себеп-салдарларын өз бетімен түсіне білуге ұмтылуға итермелеу, оған қажетті жағдайлар тудыруды айтуды дұрыс көреміз.

Шығармашылыққа баулудың психологиялық ерекшеліктерін, баланың, оның ішінде бастауыш сынып оқушысының шығармашылығын қабілетін дамыту жолдарын П.П. Блонский, Л.С. Выготский, С.Л. Рубенштейндер қарастырса И.Я. Лернер, А.И. Матюшкин, М.И. Махмутовтар шығармашылықты дамытудағы проблемалық оқытудың мәнін ашып көрсетті. Сонымен қатар Л.М. Фридман, М.М. Мұқановтар өз еңбектерінде адамның өнімді ойлауы мен шығармашылықтың байланысын ашуға күш салады. Көптеген ғалымдар бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығын дамыту мәселесін жекелей қарастырады. Олардың ішінде көрнекті ресейлік педагогтар Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов, Л.В. Занковтар бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығын дамытудың принциптерін анықтады [2].

Шығармашылыққа баулу іс-әрекет үстінде дамиды. Тұлғаның даму процесінде шығармашылық белсенділіктің орын ерекше. Тұлғаның дамуы – адамның сандық және сапалық өзгерістерінің барысы мен нәтижесі. Даму нәтижесінде адам биологиялық түр және әлеуметтік тіршілік иесі ретінде жетіледі. Адамның биологиялық сипаты морфологиялық, биохимиялық, физиологиялық өзгерістерді қамтитын тән-дене дамуынан көрінеді. Ал әлеуметтік даму оның психикалық, рухани, интеллектуалдық кемелденуінен байқалады. Іс-әрекет барысында адамның жан-жақты және біртұтас тұлғалық дамуы жүріп жатады, оның қоршаған дүниеге көзқарасы, қарым-қатынасы қалыптасады. Балалар іс-әрекетінің негізгі түрлері – ойын, оқу, еңбек. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, оны шығармашылыққа баулу әсіресе оқу барысында белсенді жүргізіледі. Ол шығармашылық қабілетке ие оқушының іс-әрекетінен байқалады. Шығармашылық қабілеттің белгілері қандай? Жалпы, шығармашылық қабілет туа пайда бола ма? Осындай сұрақтарға жауап алу үшін бірнеше пікірлерді салыстырып қарау қажет. М. Мұқанов, Қ. Жарықбаевтар нышан мен қабілеттің бір-бірінен ерекшелігін ескеру қажеттігін көрсетеді. М. Мұқанов нышан адамда іштен туа пайда болатын нерв жүйесінің кейбір анализаторларының ерекшеліктері екендігін дәлелдей келіп, нышанды тұқым себумен салыстырады. Себілген тұқымның өсуі топыраққа, ылғалға және күн нұрына байланысты.

Бастауыш сынып оқушысының шығармашылық іс-әрекетін оқу-тәрбие процесінде ұйымдастыруды қалайтын педагогикалық көзқарас бойынша шығармашылық процесс объективті түрде заңды, танып-білуге және басқаруға болатын қасиет болып табылады, өйткені, педагогикалық мақсаттар үшін

шығармашылыққа бар болғаны субъективтік кенеттен болжау және жаңалықтың субъективті кездейсоқтығы тән [3].

Шығармашылыққа баулу проблемасын анықтауға бағытталған зерттеулерді мынадай топтарға бөліп қарастыруға болады:

1. Тұлғаның шығармашылық қабілетінің психологиясы (И.П. Волков, Д.П. Богоявленская, М.М. Мұқанов және т. б.). Бұл бағытта шығармашыл тұлғаның өз күшіне сенімділігі, сезім ұшқырлығы, өз бетімен жұмыс істеуге деген құштарлығы, т. б. ерекше қасиеттері сөз етіледі.

2. Шығармашылыққа баулуды іс-әрекет барысында ұйымдастыру бағытын қарастырғандар П.Я. Гальперин, А.В. Запорожец, В.Д. Путилин және т. б. ғалымдар шығармашылық қабілеттердің көрініс беруі жеткіліксіз, аталған қабілеттер арнайы ұйымдастырылған іс-әрекет барысында ғана толығып, дамып отырады деп тұжырымдайды.

3. Тұлғаны шығармашылыққа баулу принципін ұстанған Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов, А. Матюшкин және т. б. еңбектерінде «шығармашылық» ұғымымен «баулу», «даму» ұғымы қатар қойылып, баланың барлық психикалық процестері шығармашылық іс-әрекет үстінде дамитынын дәлелдейді.

4. Дамыта отырып оқыту идеясын ұсынушылар (Л.В. Занков, В.В. Давыдов, Д.Б. Эльконин), проблемалық оқыту теориясын жасаушылар (А.М. Матюшкин, Т.В. Кудрявцев, М.И. Махмутов, И.Я. Лернер) проблемалық оқытудың мақсаты ғылыми таным нәтижелерін білімдер жүйесін ғана меңгертіп қана қоймай, сонымен бірге оқушылардың танымдық дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту екендігін көрсетеді.

Сонымен, бастауыш сынып оқушыларын шығармашылыққа баулу табиғатын терең түсінуде әл-Фараби, Ж. Баласағұни сияқты ұлы ойшылдардың Я.А. Коменский, И.Г. Песталлоци, А. Дистервег, Ы. Алтынсарин [33], А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Л.С. Выготский, П.П. Блонский, В.В. Давыдов, Л.В. Занков, И.Я. Лернер, М.М. Мұқанов, Б.М. Теплов, Д.В. Эльконин, С. Жиенбаев, Ғ. Беғалиев, С. Рахметова сияқты ағартушылар, педагогтар, психологтар және әдіскер-ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынып, оқушыларды шығармашылыққа баулу әдістемесінің теориялық негіздерін анықтауға пайдаланылуы керек [5].

